Конкурстық құжаттамаға
14-қосымша

Сатып алынатың құрылысқа байланысты емес жұмыстардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырылады)

Тапсырыс берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Ұйымдастырушының атауы	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	86747779
Лоттың атауы	Ақпараттық жүйелерді құру (әзірлеу) бойынша жұмыстар
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	620111.900.000001
Жұмыстың атауы:	Ақпараттық жүйелерді құру (әзірлеу) бойынша жұмыстар
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	108000000
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	108000000
Жұмыстарды орындау мерзімі:	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2027 жылғы 31 наурызға дейін, бірақ күнтізбелік 15 күннен кем емес
Жұмыстарды орындау орны:	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік ел 57А
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-ның «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесін әзірлеу және енгізу жұмыстарын сатып алуға арналған Астана қ., 2026 Элементы оглавления не найдены. Терминдер мен қысқартулар Осы Техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Киберқауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 99 бұйрығымен бекітілген Туындыны жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу қағидаларында белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады: Термин / қысқарту Анықтама «ТТ» ЦЖ, Жүйе Осы сатып алудың нысанасы болып табылатын және туындыларды жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, есепке алу, бөлу және төлеу процестерін іске асыратын «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесі БЦП Құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы «Бірыңғай цифрлық платформа» цифрлық жүйесі ҰЗМИ, сараптамалық ұйым, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Өнім беруші Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша айқындалған және осы Ерекшелікте көзделген жұмыстарды орындайтын тұлға Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (Қағидалардың 2-тармағының 2) тармақшасы) ҚҰБҰ Құқықтарды ұжымдық басқару ұйымы («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңның 26-бабы) Құқық иеленуші Пайдасына сыйақы бөлінетін және төленетін автор, орындаушы, фонограмма өндірушісі, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың өзге де иеленушісі Импорттаушы Қазақстан Республикасының аумағына жабдық пен материалдық тасымалдағыштарды импорттайтын тұлға (Қағидалардың 4-тармағы) Дайындаушы Өткізу мақсатында жабдық пен материалдық тасымалдағыштарды дайындайтын тұлға (Қағидалардың 4-тармағы) ТТ Таза тасымалдағыштар — «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңның 26-бабымен реттелетін, туындыны жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу процестерінің атауы Жеке кабинет Жүйемен және басқа қатысушылармен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидаларда көзделген әрекеттерді орындауға арналған «ТТ» ЦЖ қатысушысының электрондық кабинеті Сыйақы Автордың, орындаушының және фонограмма өндірушісінің келісімінсіз туындыны жеке мақсатта көшірмелеу үшін төленетін сыйақы (Қағидалардың 3-тармағы) Бөлінбеген сыйақы Туындыны сәйкестендіру мүмкін болмауына не тиісті тізілімдерде мәліметтердің болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты бөлінбеген сомалар. Сараптамалық ұйымның шотында үш жыл бойы сақталады, көрсетілген мерзім өткен соң

	Қағидаларда белгіленген тәртіппен бөлінетін сомаларға қосылады Талап етілмеген сыйақы Нақты құқық иеленушілерге бөлінген, ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленуші оларды алудан бас тартқан не қызметі тоқтатылып, құқық мирасқорлары құқықтарды қабылдамаған жағдайда талап етілмеген деп танылған сомалар (Қағидалардың 39-тармағы). ҚҰБҰ шотында сақталады және тиісті тұлғалар табылған немесе жүгінген кезде сақтау мерзіміне қарамастан төленеді (Қағидалардың 36-тармағы) Төленбеген сыйақы Нақты ҚҰБҰ-ға және (немесе) құқық иеленушіге есептелген, төлемі жасалмаған не сот шешімімен тоқтатыла тұрған немесе есептелген күннен бастап үш ай ішінде төлеуге қажетті мәліметтер ұсынылмаған сомалар (Қағидалардың 40-тармағы) ЭЦҚ Электрондық цифрлық қолтаңба ҚР ҰКО Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы ҚР ӘМ ЗМҚК, ЗМҚК Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті SmartBridge Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың цифрлық жүйелерінің цифрлық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін SmartBridge (СмартБридж) интеграциялық платформасы «ЗТ» МДҚ «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры «ЖТ» МДҚ «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры ҚР ҚМ МКК Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті КДП Субъектінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі туралы мәліметтерді алуды және тексеруді қамтамасыз ететін дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервисі ЖК Жеке кәсіпкер КО СЭҚ ТН Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы Мобильді қосымша Осы сатып алу шеңберінен тыс жеке өнім беруші әзірлейтін және Жүйе деректерін тұтынушылардың бірі болып табылатын мобильді қосымша (6-бөлімді, мобильді қосымшамен интеграцияны қараңыз) ДД Дербес деректер ТП Тәжірибелік пайдалану RBAC Рөлдерге негізделген қол жеткізуді басқару моделі (Role-Based Access Control) RPO Қалпына келтірудің нысаналы нүктесі (Recovery Point Objective); инцидент кезінде жоғалуына жол берілетін деректердің ең көп көлемі RTO Қалпына келтірудің нысаналы уақыты (Recovery Time Objective); инциденттен кейін Жүйенің жұмысын қалпына келтіруге жол берілетін ең ұзақ уақыт SLA Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім (Service Level Agreement) RPS Секундына сұрау салулар саны (Requests Per Second) CI/CD Үздіксіз интеграциялау және үздіксіз жеткізу практикалары (Continuous Integration / Continuous Delivery) API Қосымшаның бағдарламалық интерфейсі (Application Programming Interface) OpenAPI REST API сипаттамасының спецификациясы FR-XX-NNN Функционалдық талаптың идентификаторы: XX — модульдің белгіленуі, NNN — модуль ішіндегі талаптың реттік нөмірі Осы Ерекшелікте анықталмаған өзге терминдер мен қысқартулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мағынада қолданылады. 1. Сатып алу туралы жалпы мәліметтер 1.1. Сатып алудың атауы «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесінің бағдарламалық қамтылымын әзірлеу және оны енгізу жөніндегі жұмыстар, оның ішінде Жүйені киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарына дайындау, аталған

	сынақтарды сүйемелдеу және сыртқы цифрлық жүйелермен интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру. 1.2. Сатып алудың мақсаты Туындыларды жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, есепке алу, бөлу және төлеу процестерінің толық циклін автоматтандыратын «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесін құру және пайдалануға беру, оның ішінде жабдық пен материалдық тасымалдағыштарды импорттаушылар мен дайындаушылар туралы мәліметтер тізілімін жүргізу, сыйақыны есептеу, заңдық маңызы бар хабарламалар мен шоттарды шығару, төлем қабылдау, биллинг және ҚҰБҰ арасында бөлу, есептілік пен жарияланымдарды қалыптастыру, сондай-ақ құқық иеленушілер үшін есеп айырысулардың ашықтығын қамтамасыз ету. 1.3. Әзірлеудің негізі Әзірлеу ҰЗМИ-дің зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті сараптамалық ұйым ретіндегі функцияларын орындау үшін мынадай нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттар негізінде жүзеге асырылады: 1) «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңы. 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 99 бұйрығымен бекітілген Туындыны жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу қағидалары. 3) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 99 бұйрығына 2-қосымшамен бекітілген Аудиовизуалдық туындылар мен фонограммаларды жеке мақсатта және табыс алмай көшірмелеу үшін сыйақы мөлшері. 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 159 бұйрығымен бекітілген Аудиовизуалдық туындыларды немесе туындылардың дыбыс жазбаларын жеке мақсатта және табыс алмай көшірмелеу үшін пайдаланылатын жабдық пен материалдық тасымалдағыштар тізбесі. 5) «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесіне арналған техникалық тапсырма, 2026 жылғы 24 шілдедегі № 407 нқ бұйрық. 1.4. Жобаның қысқаша сипаттамасы Жоба сыйақыны жинау, есепке алу, бөлу және төлеу жөніндегі толассыз бизнес-процестерді іске асыратын «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесін әзірлеуді және енгізуді көздейді. Жүйе операциялардың толық циклін қамтиды: импорттаушылар мен дайындаушылардың мәліметтерді тіркеуінен бастап сыйақыны есептеу мен бөлуге, сондай-ақ есептілікті жариялауға дейін. Сыртқы және ішкі пайдаланушыларға қол жеткізу олардың рөлдеріне сәйкес беріледі. Жүйе тоқсан сайынғы биллингті және ЭЦҚ қолданылатын заңдық маңызы бар құжат айналымын, сондай-ақ осы Ерекшеліктің 6-бөлімінде белгіленген көлемде сыртқы цифрлық жүйелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Жұмыстар екі кезеңде орындалады. Бірінші кезеңде интеграциялары тестілік ортада тексерілетін толық функционалды Жүйе құрылып, тәжірибелік пайдалануға беріледі. Екінші кезеңде Жүйе киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарынан өтеді, интеграциялар сыртқы жүйелердің өнімді ортасына көшіріліп, Жүйе өнеркәсіптік пайдалануға беріледі (осы Ерекшеліктің 3-бөлімі). 1.5. Күтілетін нәтиже Жұмыстардың қорытындысы бойынша Тапсырыс беруші мыналарды алуға тиіс: - Тапсырыс берушінің инфрақұрылымында орналастырылған,

	қабылдау сынақтары мен киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарының нәтижелері бойынша қабылданған, өнеркәсіптік пайдалануға берілген «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесі; - әзірлеу тарихымен және нұсқа белгілерімен бірге Тапсырыс берушінің репозиторийіне берілген бастапқы кодтың толық жиынтығы; - осы Ерекшеліктің 11-бөлімінде белгіленген көлемдегі пайдалану, жобалық және пайдаланушы құжаттамасы; - шарт шеңберінде әзірленген бағдарламалық қамтылымға айрықша мүліктік құқықтардың Тапсырыс берушіге толық көлемде берілуі; - SLA талаптарын сақтай отырып, белгіленген мерзім ішінде Жүйені кепілдік сүйемелдеу. 1.6. Әзірлеу кезінде сақталуы міндетті нормативтік база Өнім беруші жұмыстарды орындау кезінде Жүйенің мынадай құжаттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті: 1) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңы. 2) «Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII Кодексі. 3) «Киберқауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы. 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Бірыңғай талаптар. 5) 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 100 Құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы бірыңғай цифрлық платформаны басқару және оны пайдалануға бірыңғай қолжетімділік нүктесін ұсыну қағидалары. 6) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ бұйрығымен бекітілген «Цифрлық үкіметтің» цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілерді киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынау әдістемесі мен қағидалары. 7) 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 99 Туындыларды жеке мақсатта көшірмелеу үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу қағидалары. 8) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы. Нормативтік құқықтық актілер тиісті жұмыстар орындалатын күні қолданыстағы редакцияларында қолданылады. Жұмыстарды орындау кезеңінде заңнаманың өзгеруі Жүйенің белгіленген қорғалу деңгейін төмендетуге негіз болып табылмайды. 2. Сатып алу нысанасы Осы сатып алудың нысанасы «Таза тасымалдағыштар» цифрлық жүйесін құруды, енгізуді және өнеркәсіптік пайдалануға беруді қамтамасыз ететін, мынадай жұмыс түрлерін қамтитын әзірлеу жұмыстары болып табылады: - ағымдағы жай-күйді зерттеп-қарау, талаптарды жинау және нақтылау, архитектуралық шешімдерді келісу; - жобалық құжаттаманы әзірлеу (СТПО, архитектуралық схема, деректер моделі, макеттер, бизнес-процестер схемалары, ПМИ); - UX/UI жобалау, прототиптерді Тапсырыс берушімен келісу; - Жүйе өзегін әзірлеу (платформалық сервистер, ортақ компоненттер, рөлдік модель, ЭЦҚ тексеру сервисі, интеграциялық шлюз, кезектер, журналдау және хабардар ету тетіктері); - осы Ерекшеліктің 4-бөлімінде айқындалған құрамдағы функционалдық модульдерді әзірлеу; - сыртқы цифрлық жүйелермен және сервистермен интеграцияларды және құжатталған өзара

	іс-қимылды іске асыру; - анықтамалықтар мен нормативтік-анықтамалық ақпаратты көшіру және бастапқы жүктеу; - автоматтандырылған тестілерді әзірлеу (модульдік, интеграциялық, қабылдау); - Жүйені әзірлеу, тестілеу, тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану орталарына орналастыруға қатысу; - Жүйені тестілеу (функционалдық, интеграциялық, жүктемелік); - анықталған ескертулерді жоя отырып, тәжірибелік пайдалану; - Тапсырыс берушінің пайдаланушылары мен әкімшілерін оқыту; - пайдалануға беру актісіне қол қойылған күннен бастап бір жыл бойы кепілдік сүйемелдеу; - бастапқы кодты, құжаттаманы және айрықша мүліктік құқықтарды беру. 3. Жұмыстар тізбесі (кезеңдер) 3.1. Кезеңдердің жалпы схемасы Жұмыстар мазмұны, нәтижесі және қабылдау өлшемшарттары бойынша ерекшеленетін екі ірі кезеңде орындалады. I кезең — Жүйені құру. Осы Ерекшеліктің 4-бөліміндегі барлық модульдерді қамтитын, толық қолданбалы циклді қамтамасыз ететін толық функционалды Жүйе әзірленіп, тәжірибелік пайдалануға беріледі: импорттаушылар мен дайындаушылардың мәліметтерін тіркеуден бастап сыйақыны есептеуге, хабарламалар мен шоттар шығаруға, төлемдерді есепке алуға, биллингке, бөлуге, есептілік пен жарияланымдарға дейін. Бұл кезеңде ҚР ҰКО ЭЦҚ қолданылатын тіркеу және авторландыру, рөлдік модель, заңдық маңызы бар құжат айналымы, журналдау және хабардар ету, сондай-ақ тестілік ортада (сыртқы жүйелердің тестілік стендтерінде не эмуляторларда) тексерілетін интеграциялық шлюз бен сыртқы жүйелермен алмасу келісімдері іске асырылады. Сыртқы жүйелер өнімді ортада қосылғанға дейін Жүйе пайдаланушылар енгізген мәліметтермен және 3.5-кестеге сәйкес қолмен орындалатын режимдерде жұмыс істейді. II кезең — сынақтар және интеграциялар. Жүйе киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарынан өтуді қамтамасыз ететін күйге келтіріледі (осы Ерекшеліктің 10-бөлімі), ескертулерді жою және оң нәтиже алынғанға дейін қайта сынау арқылы аталған сынақтардан өтеді, содан кейін интеграциялар сыртқы жүйелердің өнімді орталарымен өзара іс-қимылға көшіріліп, Жүйе өнеркәсіптік пайдалануға беріледі. II кезеңге көшу I кезең нәтижелерін қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін жүзеге асырылады. I кезеңнің нәтижелерін талап етпейтін II кезең жұмыстары (киберқауіпсіздік жөніндегі құжаттаманы әзірлеу, сыртқы жүйелерге қосылу құжаттарын дайындау, интеграциялық регламенттерді келісу) Тараптардың келісімі бойынша I кезеңмен қатар орындалуы мүмкін. II кезең аяқталғаннан кейін мәліметтерді қолмен енгізу режимдері резервтік режимдер ретінде сақталады және интеграциялық сервистер қолжетімсіз болғанда қолданылады; тиісті функционал пайдаланудан шығарылмайды. 3.2. I кезең. «ТТ» ЦЖ әзірлеу және енгізу I кезең шеңберінде Өнім беруші мынадай жұмыстарды орындауға міндетті: 3.2-кесте — I кезең жұмыстарының құрамы № Кіші кезең Жұмыстардың мазмұны мен нәтижесі Қабылдау өлшемшарттары 1.1 Зерттеп-қарау және талаптарды нақтылау Мазмұны: талаптарды нақтылау, Тапсырыс берушінің қолданыстағы процестері мен жүйелерін зерттеп-қарау, функционалдық

	және функционалдық емес талаптарды келісу, сыртқы жүйелермен алмасудың құрамы мен форматтарын нақтылау. Нәтижесі: зерттеп-қарау есебі, талаптар тізілімі, тәуекелдер тізілімі және оларды азайту жоспары. Есеп пен талаптар тізілімін Тапсырыс беруші бекіткен; жобалауды бастауға кедергі келтіретін ескертулер жоқ 1.2 Техникалық жобалау Мазмұны: техникалық жобаны, архитектуралық схеманы, деректер моделін (ERD), интеграция ерекшеліктерін, тестілеу жоспарын әзірлеу. Нәтижесі: техникалық жоба, архитектуралық схема, ERD және ДҚ сипаттамасы, OpenAPI 3.0+ нотациясындағы API спецификациялары, сынақтар бағдарламасы мен әдістемесі, келісу хаттамалары. Құжаттаманы Тапсырыс беруші бекіткен; әзірлеуді бастауға кедергі келтіретін ескертулер жоқ 1.3 UX/UI жобалау Мазмұны: пайдаланушы сценарийлерін, прототиптерді, барлық экрандардың дизайн-макеттерін, дизайн-жүйені (стиль токендері, компоненттер кітапханасы) әзірлеу. Нәтижесі: интерактивті прототиптер, бекітілген макеттер, дизайн-жүйе. Макеттерді Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің келісуі 1.4 Жүйе өзегін әзірлеу Мазмұны: платформалық сервистерді, инфрақұрылымдық компоненттерді, базалық рөлдік модельді, интеграциялар шлюзін, журналдау мен хабардар етудің бірыңғай тетіктерін, CI/CD конвейерін, әзірлеу және тестілеу орталарын іске асыру. Нәтижесі: орналастырылған әзірлеу және тестілеу орталары, базалық функционалдық қаңқа, Тапсырыс берушінің репозиторийіндегі бастапқы код. Тестілік ортада базалық сценарийлердің сәтті орындалуы 1.5 Функционалдық модульдерді әзірлеу Мазмұны: осы Ерекшеліктің 5-бөліміне сәйкес функционалдық модульдерді дәйекті не қатар іске асыру: «Авторландыру және тіркеу» (АР), «ТТ мәліметтерінің тізілімі» (РИ), «Хабарламалар мен шоттар» (УВ), «Хат алмасу, қарсылықтар және нақтылаулар» (ПР), «ҰЗМИ — ҚҰБҰ шарттары» (ДГ), «Төлемдер мен қаржылық операцияларды есепке алу» (УП), «Есептер мен жарияланымдар» (ОТ), «ТТ жеке кабинеттері» (ЛК), «Биллинг және бөлу» (БЛ), «Әкімшілендіру» (АД). Нәтижесі: іске асырылған модульдер, модульдік және интеграциялық тестілер, API құжаттамасы. Келісілген сценарийлер бойынша қабылдау тестілерінен өту, тестілермен нысаналы қамту, сыни және жоғары деңгейдегі ақаулардың болмауы 1.6 I кезең көлемінде интеграцияларды іске асыру Мазмұны: 3.5-кестеге сәйкес I кезең көлемінде осы Ерекшеліктің 6-бөліміндегі интеграциялар бойынша интеграциялық шлюз бен алмасу келісімдерін іске асыру; 6.2-кіші бөлімге сәйкес кезектер, қайталаулар, идемпотенттілік, журналдау және қателерді өңдеу; сыртқы жүйелердің тестілік стендтерін не эмуляторларды пайдаланып тестілік ортада тексеру; сыртқы жүйелер өнімді ортада қосылғанға дейін Жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін қолмен орындалатын режимдерді іске асыру. Нәтижесі: іске асырылған адаптерлер мен алмасу келісімдері, интеграциялар сипаттамасы, тестілік ортадағы тестілеу хаттамалары. Тестілік ортада интеграциялық сценарийлердің сәтті орындалуы; қолданбалы циклдің қолмен орындалатын режимдерде жұмыс істейтіні расталған 1.7 Тестілеу Мазмұны: функционалдық,

	интеграциялық (тестілік ортада) және жүктемелік тестілеу, қол жеткізуді ажыратуды теріс сценарийлер бойынша тестілеу. Нәтижесі: тестілеу есептері, ақаулар тізілімі. «Сыни» және «жоғары» деңгейдегі ақаулар жоқ; орташа және төмен деңгейдегі ақаулар жойылған не тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану (ТӨП) жоспары бойынша жою тізіліміне енгізілген 1.8 Орналастыру және тәжірибелік пайдалану Мазмұны: PREPROD және PROD орталарын дайындау, анықтамалықтар мен нормативтік-анықтамалық ақпаратты бастапқы жүктеу, деректерді көшіру (бар болса); пайдаланушылардың шектеулі тобы үшін Жүйені тәжірибелік пайдалануға беру; ескертулерді жинау және жою; пайдалану рәсімдерін пысықтау. Нәтижесі: тәжірибелік пайдалануға беру актісі, ТӨП журналы, ТӨП есебі және оны аяқтау актісі. Нақты жағдайларда бизнес-процестердің сәтті орындалуы; жүйелі іркілістердің болмауы 1.9 Пайдаланушыларды оқыту Мазмұны: осы Ерекшеліктің 14-бөлімі көлемінде Тапсырыс берушінің әкімшілері мен бизнес-пайдаланушыларын оқыту; оқу материалдарын беру. Нәтижесі: өткізілген оқыту, хаттамалар, презентациялар және бейнежазбалар. Оқыту хаттамаларына қол қойылған; негізгі қызметкерлер үлгілік операцияларды өз бетінше орындайды I кезең жұмыстарын орындаудың шекті мерзімі — 2026 жылғы 31 желтоқсан (3.4-кіші бөлім). I кезеңнің нәтижесі — Тапсырыс беруші қабылдаған және тәжірибелік пайдалануға берілген, сыйақыны жинау, есепке алу, бөлу және төлеу процестерінің толық қолданбалы циклін қамтамасыз ететін, тестілік ортада тексерілген интеграциялық келісімдері бар, барлық модульдерді қамтитын Жүйе. 3.3. II кезең. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтары, интеграцияларды өнімді ортаға көшіру және өнеркәсіптік пайдалануға беру II кезең шеңберінде Өнім беруші мынадай жұмыстарды орындауға міндетті: 3.3-кесте — II кезең жұмыстарының құрамы № Кіші кезең Жұмыстардың мазмұны мен нәтижесі Қабылдау өлшемшарттары 2.1 Киберқауіпсіздік жөніндегі құжаттама жиынтығын дайындау Мазмұны: Бірыңғай талаптарға, Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарына, сондай-ақ осы Ерекшеліктің 10-бөліміне сәйкес киберқауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттаманы әзірлеу және (немесе) өзектендіру. Нәтижесі: Тапсырыс берушіге берілген және ақпараттық қауіпсіздік офицерімен келісілген киберқауіпсіздік жөніндегі құжаттама жиынтығы. Құжаттама жиынтығы толық, ішкі қайшылықтары жоқ және сынақтар кезінде зерделенетін құжаттар тізбесіне сәйкес келеді 2.2 Жүйені сынақтарға дайын күйге келтіру Мазмұны: бағдарламалық қамтылымды статикалық және динамикалық талдау; анықталған сыни және жоғары деңгейдегі осалдықтарды жою; серверлердің, виртуалды ресурстардың және желілік инфрақұрылымның қауіпсіздік функцияларының киберқауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттамаға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі консультациялар мен ұсынымдар; сынақ стендін дайындау. Нәтижесі: талдау есептері, жойылғаны расталған осалдықтар тізілімі, сынақтарға дайындық актісі. Жойылмаған сыни және жоғары деңгейдегі осалдықтардың болмауы 2.3 Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарын

	сүйемелдеу Мазмұны: Сынақтарды өткізу әдістемесі мен қағидаларында белгіленген тәртіппен сынақтар өткізу кезінде ұйымдастырушылық-техникалық өзара іс-қимыл жасау (1.6-кіші бөлімнің 6-тармағы); сынақ ұйымына келісілген көлемде бастапқы кодты, құжаттаманы, қол жеткізу құқықтарын және түсіндірмелерді ұсыну. Нәтижесі: өткізілген сынақтар, сынақ ұйымының хаттамалары мен ескертулері. Сынақтар толық көлемде өткізілген 2.4 Ескертулерді жою және қайта сынау Мазмұны: ескертулерді талдау, жою жоспарын әзірлеу және келісу, бағдарламалық қамтылымға, конфигурациялар мен құжаттамаға өзгерістер енгізу, қайта сынауға қатысу. Нәтижесі: жойылған ескертулер, қайта сынау хаттамалары, сынақтардың оң нәтижесі. Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беруге жеткілікті сынақтардың оң нәтижесі алынған 2.5 Сыртқы жүйелердің өнімді орталарына қосылуды дайындау Мазмұны: қосылуға, оның ішінде SmartBridge интеграциялық платформасына қосылуға құжаттарды дайындау және ұсыну, сертификаттар мен тіркелгі деректерін алу және баптау, желілік өзара іс-қимылды баптау, сыртқы жүйелер иелерімен интеграциялық регламенттер мен хабар схемаларын келісу, стендтерде тестілік алмасу. Нәтижесі: келісілген интеграциялық регламенттер, тестілік алмасу хаттамалары. Әр бағыт бойынша сәтті тестілік алмасу 2.6 ЗМҚК-мен өзара іс-қимылды өнімді ортаға көшіру Мазмұны: I кезеңде іске асырылған алмасу келісімін (6.4-кіші бөлім) өнімді өзара іс-қимылға көшіру: әлеуетті импорттаушылар тізбесін алу, Импорттаушының ЭЦҚ қойылған сұрау салуын бағыттау, оның өз декларациялары бойынша мәліметтер алу; ЗМҚК-мен бірлескен интеграциялық сынақтар. Нәтижесі: жұмыс істейтін интеграция, бірлескен сынақтар хаттамалары. Әлеуетті импорттаушылар тізбесінде егжей-тегжейлі мәліметтер жоқ; декларациялар бойынша мәліметтер тек Импорттаушының қол қойылған сұрау салуы бойынша және тек оның БСН/ЖСН-і бойынша беріледі 2.7 ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме алу бөлігіндегі банкпен интеграцияны өнімді ортаға көшіру Мазмұны: I кезеңде іске асырылған өзара іс-қимылды (6.10-кіші бөлім) банктің өнімді API-іне көшіру: ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме алу, түсімдерді шоттармен автоматты түрде сәйкестендіру, УВ және УП модульдерін жаңарту. Нәтижесі: жұмыс істейтін интеграция, сынақ хаттамалары. Үзінді көшірмені қайта алу операцияның телнұсқасын жасамайды; сәйкестендірілген түсімдер шоттардың мәртебелерінде көрсетіледі, сәйкестендірілмегендері қолмен өңдеу үшін ҰЗМИ бухгалтериясына беріледі 2.8 Бірыңғай цифрлық платформамен интеграцияны өнімді ортаға көшіру Мазмұны: I кезеңде іске асырылған алмасу келісімін (6.13-кіші бөлім) өнімді өзара іс-қимылға көшіру; бірлескен сынақтар және тараптардың деректерін салыстырып тексеру. Нәтижесі: жұмыс істейтін интеграция, бірлескен сынақтар хаттамалары. Тараптардың деректерін салыстырып тексеру алшақтықтардың жоқтығын растайды 2.9 Өзге интеграцияларды өнімді ортаға көшіру Мазмұны: сыртқы өнім берушінің мобильді қосымшасымен (6.1-кіші бөлім), SMS-шлюзбен (6.12-кіші бөлім) интеграцияларды, сондай-ақ SmartBridge арқылы

	«ЗТ» МДҚ, «ЖТ» МДҚ, ҚР ҚМ МКК және қажеттілігі расталған жағдайда КДП-мен интеграцияларды (6.5–6.8-кіші бөлімдер) өнімді өзара іс-қимылға көшіру. Нәтижесі: жұмыс істейтін интеграциялар, сынақ хаттамалары. Интеграция арқылы алынған және қолмен енгізілген мәліметтерді Жүйе бірдей өңдейді 2.10 II кезеңнің интеграциялық және қабылдау сынақтары Мазмұны: барлық бағыттар бойынша, оның ішінде сыртқы жүйелердің қате, қайталанатын және қолжетімсіз жауаптарын қамтитын интеграциялық сынақтар; интеграциялық ортаның жүктемелік сынақтары; қабылдау сынақтары. Нәтижесі: сынақ хаттамалары, ақаулар тізілімі, II кезеңді қабылдау актісі. «Сыни» және «жоғары» деңгейдегі ақаулар жоқ; кезектер жоғалтусыз және телнұсқаларсыз қалпына келтіріледі 2.11 Өнеркәсіптік пайдалануға беру Мазмұны: Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға көшіру, тұрақтандыру, мониторинг, пайдалану құжаттамасын өзектендіру, осы Ерекшеліктің 9-бөліміне сәйкес бастапқы кодты беру. Нәтижесі: өнеркәсіптік пайдалануға берілген Жүйе, өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі. Өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қойылған; нысаналы функционалдық емес көрсеткіштер сақталған; құжаттама толық көлемде берілген 2.12 Кепілдік сүйемелдеу Мазмұны: кепілдік мерзімі ішінде ақауларды жою, Тапсырыс берушіге консультациялар беру, өзгерістер кезінде құжаттаманы жаңарту. 12-бөлімдегі SLA талаптарын сақтау II кезең жұмыстарын орындаудың шекті мерзімі — 2027 жылғы 31 наурыз (3.4-кіші бөлім). 2.1, 2.2 және 2.5-кіші кезеңдердің I кезең нәтижелерін талап етпейтін жұмыстары шарт жасалған күннен бастап I кезеңмен қатар орындалады. 3.4. Жұмыстарды орындау мерзімдері Жұмыстар осы кіші бөлімде белгіленген мерзімдерде орындалады. Кіші кезеңдер бойынша нақтылау мемлекеттік сатып алу шартының ажырамас бөлігі болып табылатын күнтізбелік жоспармен, белгіленген шекті мерзімдер аясында айқындалады. 3.4-кесте — Кезеңдер бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері Кезең Мазмұны Орындау мерзімі I кезең Тәжірибелік пайдалану мен пайдаланушыларды оқытуды қоса алғанда, «ТТ» ЦЖ әзірлеу және енгізу (3.2-кестенің 1.1–1.9-кіші кезеңдері) Мемлекеттік сатып алу шарты жасалған күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін II кезең Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтары, интеграцияларды өнімді ортаға көшіру және Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру (3.3-кестенің 2.1–2.11-кіші кезеңдері) 2027 жылғы 31 наурызға дейін Кепілдік сүйемелдеу Ақауларды жою, консультациялар, құжаттаманы жаңарту (3.3-кестенің 2.12-кіші кезеңі) Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Мерзімдерді есептеу кезінде мынадай қағидалар қолданылады: - I кезең жұмыстарын орындау мерзімі мемлекеттік сатып алу шарты жасалған күннен бастап есептеледі; I кезең нәтижелері Тапсырыс берушіге қабылдау үшін 2026 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмей ұсынылады; - I кезең нәтижелерін талап етпейтін II кезең жұмыстары шарт жасалған күннен бастап I кезеңмен қатар орындалады; олардың орындалуы I кезеңді қабылдау актісіне қол қойылуына

	тәуелді емес; - Жүйе киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарына сынақтардың аяқталуын, ескертулерді жоюды, қайта сынауды және Жүйені 2027 жылғы 31 наурызға дейін өнеркәсіптік пайдалануға беруді қамтамасыз ететін мерзімде ұсынылады; - сынақ ұйымының сынақтарды өткізу ұзақтығы Өнім берушінің жұмыстарды орындау мерзіміне кірмейді; сынақтарға дайындалу, ескертулерді жою және қайта сынауға қатысу мерзімдері Өнім берушінің міндеттемелері болып табылады және II кезең мерзімінде ескеріледі; - Тапсырыс берушінің қол жеткізу құқықтарын, техникалық құжаттаманы, сыртқы жүйелердің тестілік және өнімді орталарын ұсынуына және олардың иелерінің келісімдеріне тәуелді мерзімдер күту кезеңіне мөлшерлес ұзартылады, бұл екіжақты құжатпен ресімделеді. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге күнтізбелік жоспар ұсынуға міндетті. Күнтізбелік жоспарда сынақ ұйымының ескертулерін жоюға және сыртқы жүйелердің иелерімен интеграциялық регламенттерді келісуге уақыт резерві көзделуге тиіс. 3.5. Интеграцияларды кезеңдер бойынша бөлу Осы Ерекшеліктің 6-бөліміндегі интеграциялар екі қадаммен іске асырылады: I кезеңде — Жүйе жағында өзара іс-қимылды іске асыру және тестілік ортада тексеру, сондай-ақ қосылғанға дейін Жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін қолмен орындалатын режим; II кезеңде — сыртқы жүйенің өнімді ортасына көшіру. 6-бөлімде белгіленген интеграцияларды іске асыру шарттары екі кезеңге де қолданылады. 3.5-кесте — Интеграцияларды кезеңдер бойынша бөлу Интеграция I кезең II кезең ЗМҚК (6.4-кіші бөлім) Алмасу келісімі, тестілік ортада тексеру Өнімді өзара іс-қимыл (2.6-кіші кезең) Банк, ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме (6.10-кіші бөлім) Адаптер, банктің тестілік ортасында тексеру; қосылғанға дейін — ҰЗМИ бухгалтериясының банк үзінді көшірмесі бойынша түсімдерді қолмен белгілеуі Өнімді өзара іс-қимыл (2.7-кіші кезең) ҚР ҰКО ЭЦҚ инфрақұрылымы (6.9-кіші бөлім) Пайдаланушыларды сәйкестендіру мен аутентификациялауды және құжаттарға қол қоюды қоса алғанда, толық көлемде - ҚР ҰБ, валюта бағамдары (6.11-кіші бөлім) Толық көлемде (ҚР ҰБ бағамдарының жалпыға қолжетімді сервисі); қолжетімсіз болса — Әкімшінің бағамды қолмен енгізуі - Хабардар ету (6.12-кіші бөлім) E-mail және жеке кабинеттегі хабарландырулар SMS (2.9-кіші кезең) Бірыңғай цифрлық платформа (6.13-кіші бөлім) Алмасу келісімі, тестілік ортада тексеру Өнімді өзара іс-қимыл (2.8-кіші кезең) Сыртқы өнім берушінің мобильді қосымшасы (6.1-кіші бөлім) Алмасу келісімі (API), тестілік ортада тексеру Өнімді өзара іс-қимыл (2.9-кіші кезең) «ЗТ» МДҚ (6.5-кіші бөлім) Өзара іс-қимылды іске асыру, SmartBridge тестілік ортасында тексеру; қосылғанға дейін — ЭЦҚ сертификатының деректері мен пайдаланушы енгізген мәліметтер бойынша деректемелер Өнімді өзара іс-қимыл (2.9-кіші кезең) «ЖТ» МДҚ (6.6-кіші бөлім) Өзара іс-қимылды іске асыру, SmartBridge тестілік ортасында тексеру; қосылғанға дейін — ЭЦҚ сертификатының деректері мен пайдаланушы енгізген мәліметтер бойынша деректемелер

	Өнімді өзара іс-қимыл (2.9-кіші кезең) ҚР ҚМ МКК, ЖК туралы мәліметтер (6.7-кіші бөлім) Өзара іс-қимылды іске асыру, SmartBridge тестілік ортасында тексеру; қосылғанға дейін — ЭЦҚ сертификатының деректері мен пайдаланушы енгізген мәліметтер бойынша деректемелер Өнімді өзара іс-қимыл (2.9-кіші кезең) КДП (6.8-кіші бөлім) Қажеттілігі расталған жағдайда: адаптер, SmartBridge тестілік ортасында тексеру Өнімді өзара іс-қимыл (2.9-кіші кезең) 4. Жүйенің құрамы. Модульдер тізбесі Жүйе пайдаланушы, қолданбалы, интеграциялық, цифрлық және инфрақұрылымдық деңгейлерге бөлініп, модульдер бойынша құрылымдалған бірыңғай функционалдық кешен ретінде әзірленеді. Модульдер құжатталған интерфейстер арқылы өзара әрекеттеседі; сыртқы жүйелердің деректер қорына тікелей жүгінуіне тыйым салынады. 4.1-кесте — Жүйе модульдерінің тізбесі Код Модуль Мақсаты Іске асыру кезеңі РИ ТТ мәліметтерінің тізілімі Хабарламаларды, шоттар мен есептілікті қалыптастыру үшін деректер көзі болып табылатын жабдық пен материалдық тасымалдағыштарды импорттау, дайындау және өткізу туралы мәліметтердің біріктірілген тізілімі. Модуль импорттаушы мен дайындаушының жазбаларды өз бетінше жасауын, сарапшының қызметтік карточкалар жасауын, ЗМҚК-ден әкелу фактісі туралы мәліметтердің ең аз жиынтығын (импорттаушының атауы, БСН/ЖСН, ТД нөмірі) алуды, сондай-ақ өз бетінше тіркелу кезінде берілген келісім болғанда импорттаушы бастамашылық ететін өзінің декларациялары бойынша мәліметтер алуды қолдайды. I кезең; өнімді ортада ЗМҚК-ден мәліметтер алу — II кезең УВ Хабарламалар мен шоттар Сыйақы төлеу туралы заңдық маңызы бар хабарламалар мен төлем шоттарын қалыптастыру, оларға ЭЦҚ қою және субъектілерге жіберу; түзетуден кейін қайта шоттар шығару; екі тілдегі (RU/KZ) PDF нысандарын қалыптастыру және жіберілген күнді жеткізілген күн ретінде тіркеу. I кезең ПР Хат алмасу / Қарсылықтар / Нақтылаулар Тізілім жазбасы / хабарлама бөлінісінде субъектілер мен ҰЗМИ сарапшысы арасында нақты іс аясында ресми құжат алмасу; негіздемесін міндетті түрде көрсете отырып, нақтылауларды, қарсылықтарды және сарапшы шешімдерін (түзету / бас тарту) тіркеу. I кезең ДГ ҰЗМИ ↔ ҚҰБҰ шарттары «Таза тасымалдағыштар» бойынша ҰЗМИ мен ҚҰБҰ арасындағы шарттардың өмірлік циклі: дайындау, екі тілде PDF жасау, екіжақты ЭЦҚ қою, ұзарту, бұзу; есептеуге әсер ететін шарт параметрлерін сақтау (оның ішінде ҚҰБҰ ұстап қалатын сомалардың шекті мөлшері — 5%-дан аспайды). I кезең УП Төлемдер мен қаржылық операцияларды есепке алу Қаржылық операциялардың бірыңғай тізілімі: импорттаушылар мен дайындаушылардан кіріс төлемдер, ҚҰБҰ-ға шығыс аударымдар, белгіленген лимиттердің сақталуын бақылаумен ҰЗМИ және ҚҰБҰ шығыстары; төлем тізбегі бойынша мерзімдерді бақылау (субъект → ҰЗМИ → ҚҰБҰ → құқық иеленушілер); банк үзінді көшірмесі негізінде түсімдерді белгілеу; ҰЗМИ бухгалтериясы 1С-те жүзеге асырған ҚҰБҰ-ға төлемдерді тіркеу. I кезең; өнімді ортада банктің API-і арқылы үзінді көшірме алу — II кезең ОТ Есептер мен жарияланымдар Қағидалардың

	3–7-қосымшаларының нысандары бойынша міндетті есептерді (жиналған сыйақы, бөлу, ҚҰБҰ-ға төлеу, құқық иеленушілерге төлемдер, қалдықтар туралы) автоматты қалыптастыру, платформада тоқсандық мәліметтерді жариялау, PDF және XLSX форматтарында шығару, адресаттарға тарату, ҚҰБҰ-дан есептерді қабылдау. I кезең ЛК ТТ жеке кабинеттері Қатысушылардың барлық рөлдеріне арналған бірыңғай дербестендірілген кабинеттер: Импорттаушы, Дайындаушы, ҚҰБҰ, ҰЗМИ сарапшысы; көрсеткіштер панельдері, тізілім жазбаларына, хабарламаларға, есептер мен төлемдерге қол жеткізу. Құқық иеленушілерге сыйақыны есептеу және төлеу туралы мәліметтер ұсыну үшін Жүйе құрамында құқық иеленушінің жеке кабинеті бөлек әзірленбейді; оның орнына Жүйе сыртқы цифрлық жүйелерге, оның ішінде мобильді қосымша мен Тапсырыс берушімен келісілген өзге клиенттерге құқық иеленушінің есептелген сомалары, төлемдері, мәртебелері және байланысты төлемдері туралы ақпаратты рөлдік модель мен Қағидалар айқындайтын көлемде беретін құжатталған API ұсынады. I кезең; өнімді ортадағы мобильді қосымшаға арналған API — II кезең БЛ Биллинг / Бөлу (ТТ) Туындылардың ротацияларын, ҰЗМИ шығыстарының (25%-дан аспайды) және ҚҰБҰ шығыстарының (5%-дан аспайды) лимиттерін, сондай-ақ өткен кезеңдердің бөлінбеген сомаларын ескере отырып, Қағидаларда белгіленген формулалар бойынша бөлінетін соманы және сыйақының ҚҰБҰ мен құқық иеленушілер арасында бөлінуін тоқсан сайын автоматты есептеу; есептелген сомаларды қолмен өзгертуге тыйым салу. I кезең; өнімді ортада ротациялар деректерін алу — II кезең АД Әкімшілендіру Өзгерістерге міндетті аудит жүргізе отырып, пайдаланушыларды, рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын, анықтамалықтарды, шаблондар мен өзге конфигурациялық параметрлерді басқару. I кезең АР Авторландыру және тіркеу Сыртқы пайдаланушыларды (Импорттаушы, Дайындаушы, ҚҰБҰ өкілі) тіркеу, сыртқы және ішкі пайдаланушыларды аутентификациялау, сәйкестендіру деректері мен ЭЦҚ-ны тексеру, рөлдік авторландыру және ЖСН/БСН бойынша қол жеткізуді ажырату, сессиялар мен тіркелгілердің өмірлік циклін басқару, ҰЗМИ қызметкерлері үшін екі факторлы аутентификацияны міндетті қолдану, рұқсатсыз кіру әрекеттерінен қорғау және қол жеткізу оқиғаларының аудиті. I кезең; өнімді ортада «ЗТ» МДҚ, «ЖТ» МДҚ және ҚР ҚМ МКК бойынша мәліметтерді тексеру — II кезең Функционалды модульдерге бөлу қабылдау және талаптардың орындалуын қадағалау мақсаттары үшін міндетті. Сервистердің нақты құрамы модульдер шекаралары, функциялар құрамы және өңдеу орталарының ажыратылуы сақталған жағдайда техникалық жобамен айқындалады. 5. Модульдер бойынша функционалдық талаптар Осы бөлімде функционалдық талаптар модульдер бойынша топтастырылған. Әрбір талап Өнім берушінің міндеттемесі ретінде тұжырымдалған және қабылдау кезінде тексеріледі. Функционалдық талаптарды егжей-тегжейлеуді, оның ішінде бизнес-процестерді, пайдаланушы сценарийлерін, деректерді өңдеу алгоритмдерін, экрандық нысандарды, операцияларды орындау ретін, деректер алмасу форматтарын және іске асырудың өзге

	аспектілерін сипаттауды Өнім беруші әзірлейді және Тапсырыс берушімен келісу бойынша әрбір модуль үшін жеке Бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар ерекшеліктерінде (СТПО) ресімдейді. 5.1. «ТТ мәліметтерінің тізілімі» модулі (РИ) Өнім беруші «ТТ мәліметтерінің тізілімі» модулін мынадай функционалдық талаптар құрамында іске асыруға міндетті. 5.1-кесте — «ТТ мәліметтерінің тізілімі» модуліне (РИ) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-РИ-001 Пайдаланушының импорт жазбасын жасауы Жүйе авторланған Импорттаушыға міндетті деректемелер мен жабдық жолдарын толтыра отырып, «Импорт» түріндегі тізілім жазбасын өз бетінше жасауға мүмкіндік беруге тиіс. Жазба «Жоба» мәртебесінде жасалып, тек тиісті Импорттаушының тізілімінде көрсетіледі. Мұндай жазбаны ЗМҚК-ден алынған мәліметтер бойынша тексеру тек Импорттаушының бастамасымен FR-РИ-015 тәртібімен орындалады; Импорттаушының қолданыстағы келісімінсіз егжей-тегжейлі мәліметтерді автоматты түрде алуға жол берілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 6–7, 16–17-тармақтары. 2 FR-РИ-002 Пайдаланушының дайындау / өткізу жазбасын жасауы Жүйе авторланған Дайындаушыға міндетті деректемелерді (FR-РИ-006) және жабдық жолдарын толтыра отырып, «Дайындау / өткізу» түріндегі тізілім жазбасын жасауға мүмкіндік беруге тиіс. Жазба «Жоба» мәртебесінде жасалып, тек Дайындаушыға (авторына) қолжетімді болады. Дереккөз: Қағидалардың 6–7, 16, 18-тармақтары. 3 FR-РИ-003 ЗМҚК-ден әкелу фактісі туралы мәліметтер алу Жүйе ЗМҚК-ден әкелу фактісі туралы мәліметтердің ең аз жиынтығын қабылдауға тиіс: импорттаушының атауы, БСН/ЖСН және тауарларға арналған декларацияның (ТД) нөмірі. Алынған мәліметтер негізінде Жүйе әлеуетті импорттаушының карточкасын және бастапқы хабарлама жіберуге арналған жазбаны жасайды; ТД нөмірі жүгіну негізін сәйкестендіру үшін және кейінгі мәліметтерді, хабарламаларды, хат алмасуды, шоттар мен төлемдерді сәйкестендіру кілті ретінде пайдаланылады. Ең аз жиынтық негізінде сыйақы есептелмейді. ЗМҚК-мен өзара іс-қимыл өнімді ортаға көшірілгенге дейін әлеуетті импорттаушылардың карточкаларын ҰЗМИ сарапшысы FR-РИ-004 тәртібімен жасайды. Дереккөз: Қағидалардың 9–10-тармақтары. 4 FR-РИ-004 Сарапшының қызметтік карточка жасауы Жүйе ҰЗМИ сарапшысына бастапқы хабарлама жіберу және хат алмасу үшін, оның ішінде субъект Жүйеде тіркелгенге дейін, БСН/ЖСН бойынша субъектінің қызметтік карточкасын жасауға мүмкіндік беруге тиіс. Субъект тіркелгенге дейін хабарлама жіберілген карточка төлеушінің тіркелуін күту белгісімен көрсетіледі. Сарапшы Импорттаушының атынан кедендік декларация мәліметтерін жасай алмайды немесе жазбаға ЗМҚК-ден алынған мәліметтер белгісін бере алмайды. Қызметтік карточканы жасау және өзгерту міндетті түрде журналданады. 5 FR-РИ-005 Импорттаушы бойынша міндетті өрістерді бақылау Жүйе міндетті деректемелер толтырылмаған кезде импорт жазбасын тексеруге жіберуге тыйым салуға тиіс: ТД нөмірі мен күні, әкелу күні, жабдық атауы, саны, валютадағы және теңгедегі

	кедендік құны, валюта, бағам және бағам күні, СЭҚ ТН коды. ЗМҚК-ден алынған мәліметтердің міндетті өрістері интеграциялық хабар схемасы бойынша валидацияланады; Импорттаушы мұндай позицияларды тек FR-РИ-018 тәртібімен қарсылық білдіру арқылы өзгерте алады. Дереккөз: Қағидалардың 17-тармағы. 6 FR-РИ-006 Дайындаушы бойынша міндетті өрістерді бақылау Жүйе міндетті деректемелер толтырылмаған кезде дайындаушының жазбасын сақтауға тыйым салуға тиіс: атауы, дайындалған / өткізілген саны, өткізу бағасы, СЭҚ ТН кодтары немесе өзге сәйкестендіруші белгілер. Дереккөз: Қағидалардың 18-тармағы. 7 FR-РИ-007 Субъектінің профилін жүргізу Жүйе субъектінің профилін жүргізуге тиіс. Субъектінің тіркеу мәліметтері ЭЦҚ сертификатының және мемлекеттік цифрлық жүйелердің деректері бойынша автоматты түрде толтырылады (6.5–6.7-кіші бөлімдер) және субъектінің сұрау салуы бойынша өзектендірілуі мүмкін. Мемлекеттік цифрлық жүйелерде жоқ мәліметтерді субъект өз бетінше енгізіп, өзінің ЭЦҚ-сымен растайды. Профиль толтырылғанға дейін Жүйенің қалған бөлімдері ұйым үшін қолжетімсіз болады. Профиль мәліметтерінің құрамы модульдің СТПО құжатында айқындалады. Дереккөз: Қағидалардың 6–7-тармақтары. 8 FR-РИ-008 Интерфейс пен анықтамалықтардың екітілділігі Жүйе жазбалардағы деректерді өзгертпей, интерфейс тілін, мәртебелердің, батырмалардың және анықтамалық мәндердің атауларын орыс (RU) және қазақ (KZ) тілдері арасында ауыстыруды қамтамасыз етуге тиіс. 9 FR-РИ-009 Тізілім жазбасының өмірлік циклі Жүйе тізілім жазбасының өмірлік циклін оның өңдеу кезеңдерін көрсететін мәртебелермен жүргізуге тиіс: мәліметтерді дайындау, ҰЗМИ сарапшысының тексеруі, пысықтауға қайтару және қарсылықты қарау, хабарлама мен шот қалыптастыру, төлеу және төлем мерзімін өткізіп алу. Мәртебелер тізбесі мен олардың арасындағы рұқсат етілген ауысулар модульдің СТПО құжатында айқындалады. Мәртебе тек тиісті құқықтары бар пайдаланушының әрекеті бойынша не жүйелік оқиға (хабарлама қалыптастыру, төлемнің түсуі, мерзімнің аяқталуы) бойынша ауысады және жазба тарихында тіркеледі; рұқсат етілмеген ауысу қабылданбайды. 10 FR-РИ-010 Хабарлама мәртебесімен автоматты синхрондау Жүйе УВ модуліндегі байланысты хабарлама мәртебесі өзгерген кезде тізілім жазбасының мәртебесін онымен синхрондауға тиіс. 11 FR-РИ-011 Жазбаға тіркелетін файлдар Жүйе Импорттаушының растайтын құжаттар мен өзге файлдарды жазбаға немесе ескертуге тіркеуін, оларды қауіпсіз өңдеуді, іс құрамында сақтауды және қатысушыларға құқықтарына сәйкес қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. Қажетті мәліметтер ЗМҚК-ден алынған және белгіленген процесте өзге құжат тікелей талап етілмеген болса, кедендік декларацияның көшірмесін ұсыну талап етілмеуге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 13, 17-тармақтары. 12 FR-РИ-012 Жазба карточкасынан хабарлама жасау Жүйе жазба мәліметтерін автоматты түрде көшіру және құжатты ТД нөмірі арқылы жазбамен байланыстыру арқылы тізілім жазбасы бойынша мынадай құжаттар жобаларын қалыптастыруға тиіс: – әкелу туралы мәліметтердің түскені жөніндегі

	бастапқы хабарлама — FR-УВ-004 тәртібімен; – төленетін сомасы көрсетілген сыйақы төлеу туралы хабарлама — есептеу нәтижелері бойынша (FR-РИ-018). Құжаттар жобалары ҰЗМИ жүргізетін шаблондар бойынша қалыптастырылып, УВ модулінде белгіленген тәртіппен қол қоюға жіберіледі. Дереккөз: Қағидалардың 10–14-тармақтары. 13 FR-РИ-013 Сарапшының мәліметтерді тексеру мерзімдерін бақылау Жүйе субъектіден өз бастамасымен не нақтылау ретінде мәліметтер түскен күнді тіркеуге және Сарапшының оларды тексеру мерзімін бақылауға тиіс. Дайындаушыдан немесе Импорттаушыдан өз бастамасымен түскен мәліметтердің толықтығын тексеру және тексеру нәтижелері бойынша сыйақы төлеу туралы хабарлама жіберу мерзімі олар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды. Жүйе мерзімнің жақындауы және бұзылуы туралы ескертулер қалыптастырады. Дереккөз: Қағидалардың 19–20-тармақтары. 14 FR-РИ-014 БСН/ЖСН бойынша көрінуді шектеу Жүйе Импорттаушы мен Дайындаушы үшін тізілімдегі жазбалар іріктемесін тек олардың БСН/ЖСН-іне қатысты жазбалармен шектеуге тиіс. Өзге субъектілердің жазбалары қолжетімді болмауға тиіс. Мәліметтерді ЗМҚК-мен тексеру және салыстыру (FR-РИ-015 – FR-РИ-018) 15 FR-РИ-015 Импорттаушының ЗМҚК-ден өз декларациялары бойынша мәліметтер сұратуы Жүйе авторланған Импорттаушыға жеке кабинетінде өзінің декларациясы бойынша мәліметтер сұратуға бастамашылық етуге мүмкіндік беруге тиіс. Жүйенің ЗМҚК-ден мәліметтер алуына Импорттаушының келісімі өз бетінше тіркелу кезінде бірінші басшы не қол қою құқығы бар тұлға ЭЦҚ-мен қол қоятын пайдаланушы келісімінің құрамында бір рет ресімделеді; әрбір сұрау салу кезінде қайта келісім беру және ЭЦҚ қою талап етілмейді. Сұрау салу нақты ТД нөмірі бойынша қалыптастырылады және ЗМҚК-мен келісілген құрамда келісімнің растамасын қамтиды: келісім идентификаторы, БСН/ЖСН, ТД нөмірі, мәліметтерді алушы, мақсат, келісім аясы (өрістер санаттары және кезең), келісім мәтінінің нұсқасы, берілген күні мен уақыты, қолданылу мерзімі, мәртебесі, келісім дәлелінің хэші, қолтаңба мен өкілеттіктерді тексеру туралы мәліметтер. Сұрау салуды жіберер алдында Жүйе келісімнің бар-жоғын және жарамдылығын, БСН/ЖСН сәйкестігін және пайдаланушының өкілеттіктерін тексереді. Сұрау салудың бірегей корреляциялық идентификаторы, тұтастықты бақылауы және қайта өңдеуден қорғанысы болуға тиіс. ЗМҚК-мен өзара іс-қимыл өнімді ортаға көшірілгенге дейін әкелу туралы мәліметтерді Импорттаушы FR-РИ-001 тәртібімен өз бетінше енгізеді. Мәліметтерді ЗМҚК-мен тексеру және салыстыру ҰЗМИ-ге мемлекеттік бақылау функцияларын бермейді. Дереккөз: Қағидалардың 16–17-тармақтары. 16 FR-РИ-016 Өкілеттіктерді тексеру және ЗМҚК жауабын қауіпсіз өңдеу Жүйе жауапты тек ЗМҚК-нің құжатталған сервисінен қабылдауға, дереккөзді, қорғалған арнаны, тұтастықты, корреляциялық идентификаторды, ЭЦҚ мен өкілеттіктерді тексеру нәтижесін, субъектінің БСН/ЖСН-ін және жауаптың бастапқы сұрау салуға сәйкестігін тексеруге тиіс. Идентификаторы сәйкес келмейтін, тұтастығы бұзылған, схемасы белгісіз не тексерудің

	сәтті мәртебесі жоқ жауап жүктелмейді, бақыланатын қателер кезегіне орналастырылады және киберқауіпсіздік оқиғасын қалыптастырады. ҰЗМИ сарапшысы Импорттаушы мен ЗМҚК арасындағы бастапқы алмасуға қатыспайды. 17 FR-РИ-017 Импорттаушының жеке кабинетіне мәліметтер жүктеу және ҰЗМИ-дің туынды қол жеткізуі Жауап сәтті тексерілгеннен кейін Жүйе Импорттаушының жеке кабинетіне оның декларациясы бойынша мәліметтерді ЗМҚК-мен келісілген құрамда жүктеуге тиіс. Жазба Импорттаушының сұрау салуы бойынша ЗМҚК-ден алынған деп белгіленіп, мәліметтер алынған келісіммен және сұрау салумен байланыстырылады. ҰЗМИ-дің уәкілетті қызметкерлеріне жазба мазмұнына қол жеткізу оның Импорттаушының өзіне берілгені тіркелгеннен кейін ғана рұқсат етіледі; ҰЗМИ-дің ЗМҚК мәліметтеріне бастапқы тікелей қол жеткізуіне тыйым салынады. Ұйымның бірінші басшысы тіркеуді аяқтағанға дейін Импорттаушының қатардағы қызметкеріне тек мәліметтердің түскен фактісі көрсетіледі. Дереккөз: Қағидалардың 16–17-тармақтары. 18 FR-РИ-018 Деректер жүктелгеннен кейін есептеу, хабарлау және ескертулерді өңдеу Импорттаушы мәліметтерді жүктегеннен кейін Жүйе сыйақының алдын ала сомасын автоматты түрде есептеуге, Импорттаушыға қолжетімді хабарлама қалыптастыруға және ҰЗМИ-дің уәкілетті қызметкерлеріне әкімшілендіру үшін туынды қол жеткізуді ашуға тиіс. Импорттаушы ескертулер мен растайтын құжаттарды ұсына алуға, мәліметтерді растауға не алшақтықтарды көрсете алуға тиіс. ҰЗМИ сарапшысы есептеуді келісу, қабылдамау немесе түзету туралы уәжді шешім қабылдайды; түпкілікті хабарлама мен шот жаңа өзгермейтін нұсқа ретінде қалыптастырылып, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылады. Импорттаушы сұратпаған және алмаған егжей-тегжейлі деректер бойынша автоматты түрде сыйақы есептеуге жол берілмейді. 19 FR-РИ-019 Excel/csv файлынан мәліметтерді жүктеу Жүйе Тапсырыс беруші бекіткен шаблон бойынша XLSX және CSV форматындағы файлдардан тізілім жазбаларын жаппай жүктеуді, жолдарды валидациялауды, қателер есебін және дұрыс жолдар бойынша «Жоба» мәртебесіндегі жазбалар жасауды қамтамасыз етуге тиіс. 20 FR-РИ-020 Құнды KZT-ге автоматты қайта есептеу Жүйе импорт жазбасын жасау кезінде әкелу күніне ҚР ҰБ ресми бағамын автоматты түрде алуға, оны жазбада бекітуге және кедендік құнды теңгемен есептеуге тиіс; бекітілген бағам кейінгі өзгерістер кезінде қайта есептелмеуге тиіс. Бір ТД бойынша әртүрлі әкелу күндеріне жол беріледі; бағам әрбір әкелу күні бойынша бөлек қолданылады. 21 FR-РИ-021 Жазбаның өзгерістер тарихы Жүйе тізілім жазбасының өзгерістер тарихын (өріс, бұрынғы мән, жаңа мән, автор, күн мен уақыт) жүргізуге және оны уәкілетті рөлдердің қарауын қамтамасыз етуге тиіс. 22 FR-РИ-022 Экспорттық және кәсіби жабдықты алып тастау Жүйе экспорт немесе кері экспорт нысанасы болып табылатын жабдық пен материалдық тасымалдағыштар, сондай-ақ үй жағдайында пайдалануға арналмаған кәсіби (бейінді емес) жабдық үшін жазбаны немесе жабдық жолын сыйақы есептеуден алып тастау белгісін (жалаушасын) қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай жазбалар

	мен жолдар сыйақы сомасын есептеу және шот қалыптастыру кезінде ескерілмейді; алып тастау негізі міндетті құжаттық растамамен жазбада тіркеліп, өзгерістер тарихында көрсетіледі. 23 FR-РИ-023 Келісім мәртебесінің өзгеруі туралы мәліметтерді беру (жаңа) Келісім кері қайтарылған, оның қолданылу мерзімі өткен не пайдаланушы келісімінің мәтіні өзгерген жағдайда Жүйе ЗМҚК-ге келісімнің жаңа мәртебесі туралы мәліметтерді жіберуге тиіс. Бірінші басшы не қол қою құқығы бар тұлға келісімнің жаңа редакциясына қол қойғанға дейін мұндай келісім бойынша мәліметтер сұратылмайды, ал қатардағы қызметкер бұрын жүктеген мәліметтер оған қолжетімсіз болады. 24 FR-РИ-024 Таңбалау және ЗМҚК-мен алмасу журналдары Жүйе тізілімде және ҰЗМИ сарапшысының жеке кабинетінде Импорттаушылардың ЗМҚК-ге сұрау салуларын, алынған жауаптарды, оларды тексеру мен салыстыру нәтижелерін, Импорттаушылардың қарсылықтарын және ҰЗМИ сарапшысының шешімдерін PDF және XLSX форматтарында сүзу және шығару мүмкіндігімен бөлек таңбалауға тиіс. Сұрау салулар, жауаптар, салыстыру және шешімдер журналдары өзгермейтін түрде жүргізіліп, Қағидаларда және Тапсырыс берушінің саясаттарында белгіленген мерзім бойы сақталады. 5.2. «Хабарламалар мен шоттар» модулі (УВ) 5.2-кесте — «Хабарламалар мен шоттар» модуліне (УВ) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-УВ-001 Хабарламаларды рөлдер бойынша көрсету Жүйе субъектіге тек оның хабарламаларын, ал ҰЗМИ қызметкерлеріне қол жеткізу құқықтарына сәйкес барлық хабарламаларды көрсетуге тиіс. Көрсетілім бөлімі сүзуді, іздеуді және сұрыптауды қолдауға тиіс. 2 FR-УВ-002 Хабарламаны тек тізілімнен жасау Жүйе хабарламаларды «нөлден» жасауға тыйым салып, «тізілім → хабарлама» байланысын қадағалауды қамтамасыз ете отырып, тек FR-РИ-012 тәртібімен тізілім жазбасынан жасауға рұқсат беруге тиіс. 3 FR-УВ-003 Хабарламаның өмірлік циклі Жүйе хабарламаның өмірлік циклін оның өңдеу кезеңдерін көрсететін мәртебелермен жүргізуге тиіс: жобаны дайындау, келісу және қол қою, субъектіге жіберу, қарсылықты қарау және түзету. Төлемнің жай-күйі байланысты шот бойынша көрсетіледі. Мәртебелер тізбесі мен олардың арасындағы рұқсат етілген ауысулар модульдің СТПО құжатында айқындалады. Мәртебені өзгерту уәкілетті пайдаланушының әрекеті не жүйелік оқиға бойынша орындалып, хабарлама тарихында тіркеледі. Дереккөз: Қағидалардың 12–15, 22-тармақтары. 4 FR-УВ-004 Әкелу туралы мәліметтердің түскені жөніндегі бастапқы хабарлама Жүйе ЗМҚК-ден алынған әкелу фактісі туралы мәліметтер (FR-РИ-003) не ҰЗМИ сарапшысының қызметтік карточкасы (FR-РИ-004) негізінде әрбір импорттаушы бойынша бастапқы хабарлама қалыптастыруға тиіс. Бастапқы хабарлама ТД нөмірін қамтиды, төленетін соманы және кедендік құпияны құрайтын мәліметтерді қамтымайды, ҰЗМИ әкімшілік панельде жүргізетін шаблон бойынша қалыптастырылады және FR-УВ-007 тәртібімен қол қойылады. Хабарлама импорттаушыға, оның ішінде Жүйеде тіркелмеген импорттаушыға жіберіледі және тіркелгеннен кейін

	оның жеке кабинетіндегі тізілім жазбасының карточкасында көрсетіледі. Импорттаушының ЗМҚК-ден декларация бойынша мәліметтер сұратуы (FR-РИ-015) бастапқы хабарлама алынғаннан кейін қолжетімді болады. Дереккөз: Қағидалардың 9–10-тармақтары. 5 FR-УВ-005 Қағидалардың 1-қосымшасының нысаны бойынша хабарлама қалыптастыру Жүйе «Сыйақы сомасының есебі» қосымшасын және төлем шотын қоса алғанда, Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанның құрылымы мен деректемелері бойынша сыйақы төлеу туралы хабарлама қалыптастыруға тиіс. Құжаттар ҰЗМИ әкімшілік панельде жүргізетін шаблондар бойынша қалыптастырылады. Дереккөз: Қағидалардың 1-қосымшасы. 6 FR-УВ-006 Хабарламаның PDF нұсқасын екі тілде қалыптастыру Жүйе хабарлама мен оның қосымшаларының PDF нұсқасын орыс және қазақ тілдерінде қалыптастыруға тиіс. Субъектіге жіберілетін PDF құжаттың өз файлында ЭЦҚ болуға тиіс: файл өзгерген кезде қолтаңба жарамсыз болады, қолтаңбаның түпнұсқалығы ЭЦҚ тексерудің сыртқы сервисінде тексеріледі. QR-код және қол қойылғаны туралы мәтіндік белгі ЭЦҚ-ны алмастырмайды. 7 FR-УВ-007 Хабарламаға ЭЦҚ қою Жүйе әрбір қолтаңба туралы мәліметтерді тіркей отырып, осы құжат түрі үшін әкімшілік панельде бапталған бағыт бойынша хабарламаны келісуді және оған ЭЦҚ қоюды қамтамасыз етуге тиіс. Хабарламаға әрбір субъект бойынша жеке қол қойылады; топтап қол қоюға жол берілмейді. Құжатты пысықтауға қайтару бұрын алынған қолтаңбалардың күшін жояды. Хабарлама бағыттағы соңғы қол қоюшы қол қойғаннан кейін ғана субъектіге жіберіледі. Дереккөз: Қағидалардың 12–15-тармақтары. 8 FR-УВ-008 Жіберілген күнді жеткізілген күн ретінде тіркеу Жүйе хабарлама жіберілген күнді тіркеуге және оқылғаны расталғанына қарамастан оны жеткізілген күн деп есептеуге тиіс. Бұл күн төлем мерзімін есептеу үшін пайдаланылады. Дереккөз: Қағидалардың 11-тармағы. 9 FR-УВ-009 Қол қойылғаннан кейін субъектіні автоматты хабардар ету Жүйе жіберу оқиғасын тіркей отырып, субъектіге жаңа қол қойылған хабарлама мен шот туралы хабарды (e-mail және ЛК көрсетілім бөлігіндегі хабарландыру; SMS — баптауға сәйкес) автоматты түрде жіберуге тиіс. 10 FR-УВ-010 Төлем шотын және деректемелерін ұсыну Жүйе субъектіге хабарлама карточкасында және тізілім жазбасының карточкасында түсімді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін автоматты қалыптастырылған төлем мақсатымен (төлеушінің БСН/ЖСН-і, шот нөмірі және ТД нөмірі) төлем шотын және алушының деректемелерін, сондай-ақ шоттың өзекті нұсқасын PDF түрінде шығару мүмкіндігін ұсынуға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 12-тармағы. 11 FR-УВ-011 Мерзімі өткен төлемді автоматты анықтау Хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін шот толық төленбесе, Жүйе төлем мерзімінің өткізіп алынуын автоматты түрде тіркеуге, жүйелік оқиғаны және субъектіге хабарландыруды қалыптастыруға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 11–12-тармақтары. 12 FR-УВ-012 Қарсылықты өңдеу және қайта шот шығару Жүйе субъектіден хабарлама алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарымен бірге уәжді қарсылық қабылдауды,

	қарсылық алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ҰЗМИ сарапшысының түзету не бас тарту туралы шешімін бас тарту себебін міндетті түрде көрсете отырып тіркеуді және түзету кезінде жаңартылған шотты автоматты шығаруды қамтамасыз етуге тиіс. Қайта (түзету) шотын төлеу мерзімі — оны Жүйе ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні. Дереккөз: Қағидалардың 13–15-тармақтары. 13 FR-УВ-013 Қолтаңбалар мен өзгерістер тарихы Жүйе хабарламаның барлық өзгерістері мен қоса берілген қолтаңбалардың тарихын уәкілетті рөлдердің қарау мүмкіндігімен жүргізуге тиіс. 14 FR-УВ-014 Хабарламаларды жіберу тізілімі Жүйе хабарламаның әрбір жіберілімі үшін арнасын, күнін, жеткізу мәртебесін және хабар идентификаторын көрсете отырып, жіберілімдер тізілімін жүргізуге тиіс. 15 FR-УВ-015 Сыйақы сомасын есептеу Жүйе тізілімнің әрбір жазбасы бойынша төленетін сыйақы сомасын авторлық құқықтар (аудиовизуалдық туындылар үшін) және сабақтас құқықтар (фонограммалар үшін) бойынша бөлек автоматты түрде есептеуге тиіс. Есептеу негізі: дайындаушы үшін — жабдық пен материалдық тасымалдағыштар бірлігінің өткізу бағасы; импорттаушы үшін — бірліктің теңгедегі кедендік құны. Сыйақы мөлшерлемесі бапталатын параметр ретінде сақталады (әдепкі мәні — № 99 бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес авторлық құқықтар бойынша 0,25% және сабақтас құқықтар бойынша 0,25%) және міндеттеме туындаған күнге қолданылады; уәкілетті органның мөлшерлемені өзгертуі кодты пысықтауды талап етпеуге тиіс. Есептеу нәтижесі «Сыйақы сомасының есебі» қосымшасын және төлем шотын (FR-УВ-005) қалыптастырады және қолмен өзгертілмейді. 16 FR-УВ-016 Қол қойылған хабарламаны редакциялауға тыйым салу Жүйе хабарламаға ЭЦҚ қойылғаннан кейін оның деректемелерін редакциялауға тыйым салуға тиіс. Өзгерту тек түзетуші қайта хабарлама шығару арқылы мүмкін болады. 5.3. «Хат алмасу / Қарсылықтар / Нақтылаулар» модулі (ПР) 5.3-кесте — «Хат алмасу / Қарсылықтар / Нақтылаулар» модуліне (ПР) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-ПР-001 Іс бөлінісіндегі хат алмасу Жүйе нақты тізілім жазбасына және (немесе) хабарламаға байланысты ресми хат алмасуды жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. Субъектінің және ҰЗМИ сарапшысының жазба карточкасында осы жазба бойынша барлық ресми хат алмасу хронологиялық тәртіппен көрсетіледі: бастапқы хабарлама, субъектінің мәліметтер жіберген хаты, кейінгі құжаттар. Құжаттың бағыты (кіріс / шығыс) хат алмасу ішінде көрсетіледі және жазбаның жеке санаты болып табылмайды. Барлық хаттар мен файлдар істе сақталып, қатысушыларға құқықтарына сәйкес қолжетімді болады. 2 FR-ПР-002 Қарсылық беру Жүйе субъектіге растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, хабарламаға уәжді қарсылық беруге мүмкіндік беруге тиіс. Субъектінің хатына бірінші басшының не қол қою құқығы бар тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылады. Берілген қарсылық пен жіберілген мәліметтерді кері қайтаруға жол берілмейді; субъектінің хабарлама бойынша жүгінуінің өзге нысандары көзделмейді.

	Қарсылық берілген кезде ҰЗМИ сарапшысының қарауына тапсырма қалыптастырылып, түскен күні тіркеледі. Дереккөз: Қағидалардың 13–14-тармақтары. 3 FR-ПР-003 Нақтылау бойынша Сарапшының шешімі Жүйе ҰЗМИ сарапшысына түскен нақтылаулар бойынша «түзету» немесе «бас тарту» шешімін тіркеуге мүмкіндік беруге тиіс; «бас тарту» кезінде себебін көрсету міндетті. 4 FR-ПР-004 Нақтылауларды қарау мерзімін бақылау Жүйе Сарапшының шешім қабылдау мерзімін — Қағидалардың 14-тармағына сәйкес нақтылаушы мәліметтер алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімді — бақылауға және жауапты рөлдерге мерзімнің жақындауы мен бұзылуы туралы хабарлауға тиіс. 5 FR-ПР-005 Сарапшы шешімінің қайта шотпен байланысы Жүйе «түзету» шешімін УВ модулінде қайта шот шығарумен (FR-УВ-012) автоматты байланыстыруға және «қарсылық → шешім → қайта шот» байланысын қадағалау мүмкіндігін сақтауға тиіс. 6 FR-ПР-006 Істегі жаңа хаттар туралы хабарландырулар Жүйе адресаттарға жаңа хат туралы хабарландыру жіберуге тиіс. 7 FR-ПР-007 Іс хат алмасуына қол жеткізуді шектеу Жүйе іс хат алмасуына қол жеткізуді осы істің қатысушыларымен және уәкілетті ішкі рөлдермен шектеуге тиіс. Қол қойылмаған құжат жобалары, ішкі қайтарулар мен бас тартулар субъектіге көрсетілмейді. 8 FR-ПР-008 Тіркелген файлдардың нұсқаларын жүргізу Жүйе іске жүктелген тіркемелердің барлық нұсқаларын алдыңғыларын жоймай, авторын және жүктелген күнін тіркей отырып сақтауға тиіс. 9 FR-ПР-009 Хабарларды жою мүмкіндігінің болмауы Жүйе барлық рөлдерге жіберілген хаттар мен тіркемелерді жоюға тыйым салуға тиіс. Түзету қажет болғанда түсіндірмесі бар жаңа хат жіберуге жол беріледі. 10 FR-ПР-010 Сарапшының үлгілік жауап шаблондары Жүйе Сарапшыға ҰЗМИ әкімшілік панельде жүргізетін үлгілік жауап шаблондарын жіберер алдында редакциялау мүмкіндігімен пайдалануға мүмкіндік беруге тиіс. 5.4. «ҰЗМИ ↔ ҚҰБҰ шарттары» модулі (ДГ) 5.4-кесте — «ҰЗМИ ↔ ҚҰБҰ шарттары» модуліне (ДГ) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-ДГ-001 Шарт жасау Жүйе ҰЗМИ сарапшысына да, ҚҰБҰ-ның уәкілетті өкіліне де тараптардың деректемелерін автоматты енгізе отырып, «ҰЗМИ ↔ ҚҰБҰ (ТТ)» түріндегі шарт жобасын жасауға мүмкіндік беруге тиіс: ҰЗМИ деректемелері — әкімшілік панельден, ҚҰБҰ туралы мәліметтер мен оның деректемелері — «Бірыңғай цифрлық платформа» цифрлық жүйесінен (6.13-кіші бөлім). Шарт жобасына автоматты енгізілген деректемелерді қолмен өзгертуге жол берілмейді. Шарт нөмірі оған екі тарап та қол қойғаннан кейін беріледі; нөмір форматы модульдің СТПО құжатында айқындалады. Дереккөз: Қағидалардың 10-тармағының 2) тармақшасы. 2 FR-ДГ-002 Шарттың PDF нұсқасын екі тілде жасау Жүйе шартты деректемелер мен талаптарды автоматты енгізе отырып және қол қоюшылар туралы мәліметтерді қамтып, шарт нысанына (Қағидалардың 2-қосымшасы) сәйкес келетін құжат шаблондары тізілімінің шаблоны бойынша орыс және қазақ тілдеріндегі бірыңғай PDF құжат түрінде қалыптастыруға тиіс. Шаблонның өзгеруі тек өзгерістен кейін

	жасалатын шарттарға қолданылады; бұрын жасалған шарттар өздері қалыптастырылған шаблон нұсқасын сақтайды. 3 FR-ДГ-003 Екі тараптың ЭЦҚ қоюы Жүйе әрбір қолтаңба туралы мәліметтерді тіркей отырып, осы құжат түрі үшін әкімшілік панельде бапталған бағыт бойынша шартты келісуді және оған ЭЦҚ қоюды қамтамасыз етуге тиіс. Тараптардың кез келгені жасаған шарт бағытта белгіленген тәртіппен екінші тарапқа қол қоюға жіберіледі. ҚҰБҰ тарапынан шартқа бірінші басшы не ЭЦҚ сертификаты бойынша қол қою құқығы бар тұлға; ҰЗМИ тарапынан бағытқа енгізілген лауазымды адамдар қол қояды. Бағыттағы соңғы қол қоюшы қол қойғаннан кейін шартқа қол қойылды деп есептеледі. 4 FR-ДГ-004 Қолданыстағы шарттың бар-жоғын бақылау Жүйе қолданыстағы не келісу немесе қол қою сатысындағы шарты бар ҚҰБҰ-мен шарт жасауды бас тарту себебін көрсете отырып бұғаттауға тиіс. 5 FR-ДГ-005 ҚҰБҰ-ның ұстап қалу талабын есепке алу (≤ 5%) Жүйе шарт деректемелерінде ҚҰБҰ-ның шекті ұстап қалу параметрін сақтауға және нақты ұстап қалынған соманың көрсетілген лимиттен аспауын бақылауға тиіс; лимиттен асқан жағдайда есептеу бұғатталады не қате деп белгіленеді. Дереккөз: Қағидалардың 28-тармағы, 30-тармағының 4) тармақшасы. 6 FR-ДГ-006 Шарттың өмірлік циклі Жүйе шарттың өмірлік циклін оның өңдеу кезеңдерін көрсететін мәртебелермен жүргізуге тиіс: жобаны дайындау, тараптардың келісуі мен қол қоюы, қолданылуы, ұзартылуы, бұзылуы және мерзімінің аяқталуы. Мәртебелер тізбесі мен олардың арасындағы рұқсат етілген ауысулар модульдің СТПО құжатында айқындалады. Мәртебені өзгерту уәкілетті пайдаланушының әрекеті не жүйелік оқиға бойынша орындалып, негізі, авторы және уақыты көрсетіле отырып шарт тарихында тіркеледі. 7 FR-ДГ-007 Шарт нұсқаларын жүргізу Жүйе барлық нұсқалар мен байланыстарды сақтай отырып, шарттың бастапқы нұсқасын және қосымша келісімдерді жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. 8 FR-ДГ-008 Қолданылу мерзімін бақылау және автоматты ұзарту Жүйе шарттың қолданылу мерзімін бақылауға және тараптарды мерзімнің аяқталуы жақындағаны туралы алдын ала хабардар етуге тиіс. Шарт оған тараптардың соңғысы қол қойған күннен бастап қолданылады. Тараптардың бірі екінші тарапты шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде және (немесе) платформа арқылы шартты бұзу туралы хабардар еткенге дейін шарттың қолданылу мерзімі әр жолы бір күнтізбелік жылға автоматты ұзартылады. Дереккөз: шарт нысанының 5.2-тармағы (Қағидалардың 2-қосымшасы). 9 FR-ДГ-009 Платформа арқылы шартты бұзу Жүйе ЭЦҚ қойып, негізін тіркей отырып, платформа арқылы хабарлама жіберу жолымен шартты бұзуды қамтамасыз етуге тиіс. 10 FR-ДГ-010 Шарттар тізілімі Жүйе тараптар, мәртебе, кезең бойынша сүзу мүмкіндігімен шарттар тізілімін жүргізуге және тізілімді PDF және XLSX форматтарында шығаруды қамтамасыз етуге тиіс. 5.5. «Төлемдер мен қаржылық операцияларды есепке алу» модулі (УП) 5.5-кесте — «Төлемдер мен қаржылық операцияларды есепке алу» модуліне (УП) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның

	идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-УП-001 Сараптамалық ұйымның шоттары бойынша бөлек есепке алынатын бірыңғай төлемдер тізілімі Жүйе бірыңғай төлемдер тізілімін жүргізуге және сараптамалық ұйымның екі шоты бойынша операцияларды бөлек есепке алуды қамтамасыз етуге тиіс: сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған шот; сараптамалық ұйымның өз қызметін жүзеге асыруға және нақты шығыстарын жабуға арналған шот. Төлем Жүйе қалыптастырған шот бойынша түсімді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін төлем мақсатымен (FR-УВ-010) қолма-қол ақшасыз жасалады; түсімдер банк үзінді көшірмесі негізінде тізілімде көрсетіледі. Әрбір операция хабарламамен, шартпен немесе есепті кезеңмен байланысты болуға тиіс. Жүйе жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған шотқа түсетін сыйақы сомаларының сараптамалық ұйымның меншікті қаражаты болып табылмайтынын, оның кірісін құрамайтынын және ҚҰБҰ-ға аударылуға тиіс қаражат ретінде есепке алынатынын ескеруге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 5, 12, 25-тармақтары. 2 FR-УП-002 Төлемдер тізбегі бойынша мерзімдерді бақылау Жүйе мынадай мерзімдерді бақылауға тиіс: субъектінің хабарлама бойынша төлемі — хабарлама жіберілген күннен бастап 10 жұмыс күні (Қағидалардың 11–12-тармақтары); түзету шоты бойынша төлем — шот ұсынылған күннен бастап 10 жұмыс күні (Қағидалардың 15-тармағы); ҚҰБҰ арасында бөлу — тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей (Қағидалардың 26-тармағы); сараптамалық ұйымның ҚҰБҰ-ға сыйақы төлеуі — бөлу туралы есеп қалыптастырылған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде (Қағидалардың 37-тармағы); құқық иеленушілерге төлеу — ҚҰБҰ шотына ақша түскен күннен бастап 10 жұмыс күні (Қағидалардың 38-тармағы). Мерзімдер бұзылғанда жауапты рөлдерге мәртебелер, ескертулер және хабарландырулар қалыптастырылады. Дереккөз: Қағидалардың 11, 12, 15, 22, 26, 37, 38-тармақтары. 3 FR-УП-003 ҰЗМИ шығыстарын ≤ 25% лимитімен есепке алу Жүйе кезең ішіндегі ҰЗМИ-дің нақты шығыстарын есепке алуға және шегерілетін шығыстар сомасының жиналған сыйақы сомасының 25%-ынан аспауын бақылауға тиіс; лимиттен асқан жағдайда есептеулерде қолдану бұғатталады. Дереккөз: Қағидалардың 27-тармағы. 4 FR-УП-004 ҚҰБҰ шығыстарын ≤ 5% лимитімен есепке алу Жүйе ҚҰБҰ шығыстарын есептеуге және есепке алуға, ағымдағы жиналым бөлігінде ҚҰБҰ-ға төленуге тиіс соманың ≤ 5% лимитін бақылауға тиіс; лимиттен асыруға жол берілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 28-тармағы, 30-тармағының 4) тармақшасы. 5 FR-УП-005 Төлем фактісінің хабарламамен байланысы Жүйе банк үзінді көшірмесіндегі түсімдерді (6.10-кіші бөлім) төлем мақсаты бойынша шоттармен сәйкестендіруге, шотты ішінара төлеуді қолдауға және төлемдер тізілімінде түсім операциясын жасай отырып, шот пен тізілім жазбасының мәртебелерін жаңартуға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 12-тармағы. 6 FR-УП-006 Түсімдерді қолмен белгілеу Жүйе ҰЗМИ бухгалтериясының қызметкерлеріне хабарламамен міндетті түрде байланыстыра отырып, банк үзінді көшірмесі негізінде түскен төлемді қолмен белгілеуге мүмкіндік беруге

	тиіс; қолмен белгілеу үзінді көшірмені алу қолжетімсіз болғанда және автоматты сәйкестендірілмеген түсімдер үшін қолданылады. 7 FR-УП-007 1С-пен салыстырып тексеру үшін төлем операцияларын шығару Жүйе ҰЗМИ бухгалтериясы орындайтын 1С деректерімен салыстырып тексеру үшін кезең ішіндегі төлем операцияларының тізілімін (ҰЗМИ бухгалтериясы тіркеген түсімдер және ҚҰБҰ-ға төлемдер) XLSX форматында қалыптастыруды және шығаруды қамтамасыз етуге тиіс. 1С-пен автоматты салыстырып тексеру және алмасу көзделмейді. 8 FR-УП-008 Сәйкестендірілмеген төлемдер Жүйе шотпен автоматты сәйкестендіру мүмкін болмаған түсімдерді ҰЗМИ бухгалтериясының қолмен байланыстыруы үшін жеке тізбеге бөлуге тиіс. 9 FR-УП-009 ҚҰБҰ-ға аудару міндеттемелерін қалыптастыру Жүйе биллинг нәтижелері негізінде ҚҰБҰ-ға қаражат аудару міндеттемелерін қалыптастыруға және олардың орындалуын бақылауға тиіс. 10 FR-УП-010 Қаржылық операциялар журналы Жүйе тек түзету операцияларын қолдайтын (бастапқы операцияларды жоймайтын) өзгермейтін қаржылық операциялар журналын жүргізуге және өзгерістердің толық тарихын сақтауға тиіс. 11 FR-УП-011 ҚҰБҰ шотындағы талап етілмеген сыйақыны есепке алу Жүйе нақты құқық иеленушілерге бөлінген сомаларды мынадай жағдайларда талап етілмеген деп тануды қамтамасыз етуге тиіс: ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленуші сыйақыны алудан бас тартқанда; ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленушінің қызметі тоқтатылғанда (оның ішінде заңды тұлға таратылғанда немесе жеке тұлға қайтыс болғанда) және құқық мирасқорлары Заңда белгіленген тәртіппен құқықтарды қабылдамағанда. Талап етілмеген сомалар ҚҰБҰ-ның сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған шотында сақталады және тиісті құқық иеленуші табылған немесе жүгінген кезде мұндай сомалардың сақтау мерзіміне қарамастан оған төленеді. Дереккөз: Қағидалардың 36, 39-тармақтары. 12 FR-УП-012 Төленбеген сыйақыны есепке алу Жүйе мынадай жағдайларда сомаларды төленбеген деп тануды қамтамасыз етуге тиіс: нақты ҚҰБҰ-ға және (немесе) құқық иеленушіге бөлінген және есептелген сыйақыны сараптамалық ұйым және (немесе) ҚҰБҰ төлемегенде; төлем заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тоқтатыла тұрғанда; ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленуші сыйақы есептелген күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң төлемге қажетті мәліметтерді (оның ішінде банк деректемелерін) ұсынбағанда не өзектендірмегенде. Жүйе есептелген күннен бастап 3 ай мерзімін автоматты бақылауға және өзекті деректемелер болмаса, соманы төленбеген деп тануға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 40-тармағы. 13 FR-УП-013 Төлемдер бойынша есептілікті қалыптастыру мерзімдері Жүйе ҚҰБҰ-ға төлем жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 5-қосымшасының нысаны бойынша сараптамалық ұйымның ҚҰБҰ арасында төлеген сыйақысы туралы есеп қалыптастыруға және ҚҰБҰ-ның төлем жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 6-қосымшасының нысаны бойынша құқық иеленушілерге төленген сыйақы туралы мәліметтерді орналастыруын қамтамасыз етуге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 41, 42-тармақтары. 14

	FR-УП-014 Орындалған жұмыстар актілері және электрондық шот-фактуралар Сараптамалық ұйымның нақты шығыстары сомасына орындалған жұмыстар актілерін және электрондық шот-фактураларды ҰЗМИ бухгалтериясы ЭШФ АЖ-мен интеграцияланған ҰЗМИ-дің 1С құралдарымен қалыптастырады. Аталған құжаттарды Жүйеде қалыптастыру және Жүйені ЭШФ АЖ-мен интеграциялау көзделмейді. Дереккөз: Қағидалардың 23-тармағы. 5.6. «Есептер мен жарияланымдар» модулі (ОТ) 5.6-кесте — «Есептер мен жарияланымдар» модуліне (ОТ) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-ОТ-001 Жиналған сыйақы туралы есепті автоматты қалыптастыру (3-қосымша) Жүйе тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қағидалардың 3-қосымшасының нысаны бойынша жиналған сыйақы туралы мәліметтерді автоматты қалыптастыруға және платформада орналастыруға, есепке идентификатор мен қалыптастырылған күнін беруге тиіс. Есеп құрылымы («авторлық құқықтар / сабақтас құқықтар» бойынша бөлек есеп; «дайындаушылардан» және «импорттаушылардан» бөліністері; дайындаушылар мен импорттаушылардың жабдықтары және материалдық тасымалдағыштары туралы мәліметтер) және бағандар құрамы Қағидалардың 3-қосымшасының нысанына сәйкес келеді және өзгертілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 24, 26-тармақтары, Қағидалардың 3-қосымшасы. 2 FR-ОТ-002 Бөлу туралы есепті автоматты қалыптастыру (4-қосымша) Жүйе кезеңдегі биллинг рәсімі аяқталғаннан кейін Қағидалардың 4-қосымшасының нысаны бойынша ҚҰБҰ арасында сыйақыны бөлу туралы есеп қалыптастыруға тиіс. Есеп құрылымы (1-бөлім — «авторлық құқықтар / сабақтас құқықтар» болып бөлінген ҚҰБҰ бөлінісіндегі жиналған және бөлінген сыйақы туралы мәліметтер; 2-бөлім — авторлар, орындаушылар, фонограмма өндірушілері бойынша бөліністерімен туындылар мен құқық иеленушілер бөлінісіндегі бөлінген сыйақы туралы мәліметтер) және бағандар құрамы Қағидалардың 4-қосымшасының нысанына сәйкес келеді және өзгертілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 32-тармағы, Қағидалардың 4-қосымшасы. 3 FR-ОТ-003 ҚҰБҰ-ға төлемдер туралы есеп қалыптастыру (5-қосымша) Жүйе сараптамалық ұйым ҚҰБҰ-ға нақты төлем жасаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 5-қосымшасының нысаны бойынша есеп қалыптастыруға тиіс. Есеп құрылымы (жиналған сыйақы, сараптамалық ұйымның нақты шығыстары, өткен кезеңдерде бөлінбеген сомалар, ҚҰБҰ-ға төленген сома туралы мәліметтер — авторлық және сабақтас құқықтар бойынша бөлек) Қағидалардың 5-қосымшасының нысанына сәйкес келеді және өзгертілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 41-тармағы, Қағидалардың 5-қосымшасы. 4 FR-ОТ-004 ҚҰБҰ-ның құқық иеленушілерге төлемдер туралы есепті жүктеуі (6-қосымша) Жүйе ҚҰБҰ-ның төлем жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 6-қосымшасының нысаны бойынша құқық иеленушілерге төленген сыйақы туралы мәліметтерді орналастыруын қамтамасыз етуге тиіс. Есеп құрылымы (1-бөлім — ҚҰБҰ бөлінісіндегі жиналған және бөлінген сыйақы туралы мәліметтер; 2-бөлім — есептелген сомаларды, ұсталымдарды

	(ЖТС/КТС), нақты төлемді, төлем күнін және төлем тапсырмасының деректемелерін көрсете отырып, құқық иеленушілер бөлінісіндегі төленген сыйақы туралы мәліметтер) Қағидалардың 6-қосымшасының нысанына сәйкес келеді және өзгертілмейді. Қабылданған деректерді ҰЗМИ жеке кабинеттердің көрсетілім бөлімдерінде де, қалдықтар туралы есепте де пайдаланады. Дереккөз: Қағидалардың 42-тармағы, Қағидалардың 6-қосымшасы. 5 FR-OT-005 Қалдықтар туралы есеп қалыптастыру (7-қосымша) Жүйе есепті кезең қорытындысы бойынша Қағидалардың 7-қосымшасының нысанына сәйкес ақша қалдығы туралы есепті екі бөлімде қалыптастыруға тиіс: 1-бөлім — сараптамалық ұйымның сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған шотындағы ақша қалдығы туралы; 2-бөлім — ҚҰБҰ шотындағы ақша қалдығы туралы. Әрбір бөлімде түсімдер, шығыстар және қалдықтар «Бөлінбеген», «Талап етілмеген», «Төленбеген» деген үш санатта, авторлық және сабақтас құқықтар бойынша бөлек, «есепті кезең үшін / алдыңғы есепті кезеңдер үшін / бүкіл кезең үшін барлығы» бөліністерімен көрсетіледі. Есеп құрылымы және бағандар құрамы Қағидалардың 7-қосымшасының нысанына сәйкес келеді және өзгертілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 43-тармағы, Қағидалардың 7-қосымшасы. 6 FR-OT-006 Есептерді PDF және XLSX форматтарында шығару Жүйе тиісті нысанның құрылымын (Қағидалардың 3–7-қосымшалары) сақтай отырып, әрбір есепті кемінде PDF және XLSX форматтарында шығаруды қамтамасыз етуге тиіс. 7 FR-OT-007 Есептердің екітілділігі Жүйе есептердің баспа нысандарын орыс және қазақ тілдерінде қалыптастыруға тиіс. 8 FR-OT-008 Есептерді платформада жариялау Жүйе рөлдік модель мен Қағидаларда айқындалған көлемде платформаның ашық бөлігінде міндетті есептерді жариялауды қамтамасыз етуге тиіс. 9 FR-OT-009 Есептерді адресаттарға тарату Жүйе жіберілгенін тіркей отырып, есептерді адресаттарға (ҚҰБҰ, уәкілетті органдар) автоматты және қолмен таратуды қамтамасыз етуге тиіс. 10 FR-OT-010 Қалыптастыру кестесін бақылау Жүйе бекітілген кесте бойынша есептер қалыптастыруға, өткізіп алуларды бақылауға және жауапты тұлғаларға хабарлауға тиіс. 11 FR-OT-011 Көрсеткіштерді көрсету бөлімі Жүйе жеке кабинеттерде кезеңдер, ҚҰБҰ, құқық иеленушілер санаттары және жабдық түрлері бойынша сүзу мүмкіндігімен талдамалық көрсеткіштерді көрсету бөлімдерін ұсынуға тиіс. 5.7. «ТТ жеке кабинеттері» модулі (ЛК) 5.7-кесте — «ТТ жеке кабинеттері» модуліне (ЛК) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-ЛК-001 Импорттаушының жеке кабинеті Жүйе Импорттаушыға оның тізілім жазбаларын, хабарламаларын, мәртебелерін, сомалары мен мерзімдерін көрсетуге; өзгенің деректеріне қол жеткізбей, істерді басқаруды қамтамасыз етуге тиіс. 2 FR-ЛК-002 Дайындаушының жеке кабинеті Жүйе Дайындаушының растайтын құжаттарды тіркей отырып, өткізу туралы мәліметтер беруін және есептеу процесінің автоматты басталуын қамтамасыз етуге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 16, 18-тармақтары. 3 FR-ЛК-003 ҚҰБҰ-ның жеке кабинеті Жүйе ҚҰБҰ-ға өзге ҚҰБҰ деректеріне қол

	жеткізбей, өз ұйымының көрсеткіштер панелін (түсімдер, бөлінетін сома, қалдық, ротациялар/пайдаланулар), қолжетімді есептерін және сомаларын көрсетуге тиіс. 4 FR-ЛК-004 Құқық иеленушіге арналған сыйақы мәліметтерінің API-і ТТ бөлімі құрамында құқық иеленушінің жеке кабинеті бөлек әзірленбейді. Жеке кабинеттің орнына Жүйе құқық иеленушіге есептелген сыйақы туралы кезеңдер мен санаттар (автор / орындаушы / фонограмма өндірушісі) бойынша ақпаратты, сомалар мәртебелерін (есептелген / төленген / талап етілмеген / төленбеген) және байланысты төлемдер туралы мәліметтерді рөлдік модель мен жариялау қағидаларында айқындалған шектерде беретін бағдарламалық интерфейсті (API) ұсынуға міндетті. Аталған API-ді Жүйе деректерінің сыртқы тұтынушылары (ҰЗМИ мобильді қосымшасы, Тапсырыс берушімен келісілген өзге клиенттер) пайдаланады. Дереккөз: Қағидалардың 36, 38–40, 42–43-тармақтары. 5 FR-ЛК-005 ҰЗМИ сарапшысының жеке кабинеті Жүйе ҰЗМИ сарапшысына сүзу, іздеу және жоғары деңгейге жолдау мүмкіндігімен барлық істерге, тізілімдерге, хабарламаларға, шарттарға, есептерге және жиынтық көрсеткіштерге жинақталған қол жеткізуді ұсынуға тиіс. 6 FR-ЛК-006 Екітілді интерфейс Жүйе таңдалған тілді пайдаланушы профилінде сақтай отырып, интерфейс тілін (RU/KZ) ауыстыруды қамтамасыз етуге тиіс. 7 FR-ЛК-007 Хабарламалар мен шоттарды көрсету бөлімі Жүйе пайдаланушыға мәртебелері, төлеу мерзімдері, төлем жасауға және PDF қарауға өту батырмалары бар хабарламалар тізілімін көрсетуге тиіс. 8 FR-ЛК-008 Төлемдер тарихы Жүйе пайдаланушының төлемдер тарихын күні, сомасы, транзакция идентификаторы және байланысты хабарлама бойынша егжей-тегжейлі көрсетуге тиіс. 9 FR-ЛК-009 Ұйым профилі Жүйе байланыс және банк деректемелерін редакциялау мүмкіндігімен ұйым профилін жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. 10 FR-ЛК-010 Ұйым пайдаланушыларын басқару Жүйе ұйым басшысына (Импорттаушы / Дайындаушы / ҚҰБҰ) өкілеттіктер аясында құқықтар тағайындай отырып, ұйым қызметкерлерін басқаруға мүмкіндік беруге тиіс. 11 FR-ЛК-011 Кабинеттегі хабарландырулар Жүйе жеке кабинетте алу арналарын баптау мүмкіндігімен хабарландырулар таспасын (жаңа хабарламалар, мәртебелердің өзгерістері, істердегі хабарлар, кесте оқиғалары) көрсетуге тиіс. 12 FR-ЛК-012 Іс құжаттарына қол жеткізу Жүйе жеке кабинетте пайдаланушының істеріне байланысты барлық құжаттарға (тізілім жазбасы, хабарлама, шот, төлем растамалары, хат алмасу) қарау және жүктеп алу мүмкіндігімен қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. 13 FR-ЛК-013 Интерфейстің бейімделгіштігі Жүйе экран ажыратымдылығы динамикалық өзгеретін құрылғылардағы браузерлердің қазіргі нұсқаларында жеке кабинет интерфейсінің дұрыс көрсетілуін және жұмысын қамтамасыз етуге тиіс. 5.8. «Биллинг / Бөлу (ТТ)» модулі (БЛ) Биллинг модуліне қойылатын базалық талаптар төменде келтірілген. Есептеу және бөлу рәсіміне қойылатын егжей-тегжейлі талаптар осы Ерекшеліктің А қосымшасында баяндалған. 5.8-кесте — «Биллинг / Бөлу (ТТ)» модуліне (БЛ) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның

	идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-БЛ-001 Тоқсан сайын автоматты іске қосу Жүйе есепті тоқсан аяқталғаннан кейін бекітілген кесте бойынша биллинг рәсімін автоматты іске қосуға және кезеңдегі бөлу нәтижелерін қалыптастыруға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 26, 30-тармақтары. 2 FR-БЛ-002 Кіріс деректерін пайдалану Жүйе есептеуді кіріс деректерінің толық жиынтығы болғанда ғана орындауға тиіс: жиналған сыйақы сомасы, ҰЗМИ шығыстары, ҚҰБҰ шығыстары, пайдалану есептеріндегі ротациялар деректері және ЗМҚК-ден алынған мәліметтерді тексеру мен салыстыру нәтижелері ескерілген тізілім мәліметтері. Реттелмеген алшақтықтары бар не ҰЗМИ сарапшысының түпкілікті шешімі жоқ жазбалар биллингте пайдаланылмайды. Дереккөз: Қағидалардың 29-тармағы. 3 FR-БЛ-003 ҰЗМИ шығыстарын шектеу (≤ 25%) Жүйе Uэ = min(Uэ_факт; 0,25 × AS_наст) формуласын қолдануға және шектеудің қолданылғанын тіркеуге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 27-тармағы, 30-тармағының 1) тармақшасы. 4 FR-БЛ-004 Өткен кезеңдердің бөлінбеген сомаларын есепке алу Жүйе D = D_наст + D_пред формуласымен есептеуге және өткен кезеңдердің бөлінбеген сомаларын бөлуге қосуға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 30-тармағының 1) тармақшасы. 5 FR-БЛ-005 Туындылар бойынша бөлу Жүйе туынды бойынша соманы V_произв = (R_произв / AR) × D формуласымен есептеуге және туындылар бойынша сомалар тізілімін қалыптастыруға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 30-тармағының 1) тармақшасы. 6 FR-БЛ-006 Санаттар бойынша 40/30/30 бөлу Жүйе құқық иеленушілер санаттары бойынша үлестерді есептеуге тиіс: автор — 40%, орындаушы — 30%, фонограмма өндірушісі — 30%; пайдаланушылардың үлестерді өзгертуіне мүмкіндік берілмейді. Дереккөз: Қағидалардың 30-тармағының 2) тармақшасы. 7 FR-БЛ-007 ҚҰБҰ бойынша біріктіру Жүйе әрбір ҚҰБҰ-ға төленетін соманы осы ҚҰБҰ басқаруындағы туындылар бойынша сомалардың қосындысы ретінде есептеуге тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 30-тармағының 3) тармақшасы. 8 FR-БЛ-008 ҚҰБҰ шығыстарын есептеу және ≤ 5% шектеуі Жүйе ҚҰБҰ-ның жол берілетін шығыстарын Uc,ОКУП = min(Uc,ОКУП_факт; 0,05 × C_наст_ОКУП) формуласымен есептеуге және шектеуді қолдануға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 28-тармағы, 30-тармағының 4) тармақшасы. 9 FR-БЛ-009 Бөлінбеген сыйақыны есепке алу Жүйе туындыны сәйкестендіру мүмкін болмағанда немесе тізілім мәліметтері жеткіліксіз болғанда сомаларды «бөлінбеген» санатына жатқызуға, мұндай сомаларды сақтауға және сақтау мерзімі өткен соң бөлуге қосуға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 33–35-тармақтары. 10 FR-БЛ-010 Қосымшаны қалыптастыру Жүйе биллинг қорытындысы бойынша Қағидалардың 4-қосымшасының нысанына сәйкес бөлу туралы есеп қалыптастыруға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 32-тармағы, 4-қосымшасы. 11 FR-БЛ-011 Нәтижелерді қолмен редакциялауға тыйым салу Жүйе есептеулердің өзгермейтіндігін қамтамасыз ете отырып, барлық рөлдерге бөлудің есептелген сомаларын қолмен өзгертуге тыйым салуға тиіс. Дереккөз: Қағидалардың 30-тармағы. 12 FR-БЛ-012 Есептеулер журналы Жүйе барлық кіріс параметрлерін, аралық мәндерді, қолданылған шектеулер мен

	нәтижелерді тіркей отырып, аудит жүргізу мүмкіндігі бар егжей-тегжейлі есептеу журналын жүргізуге тиіс. 13 FR-БЛ-013 Қайта іске қосу сценарийі Жүйе уәкілетті рөлдің шешімі бойынша кезеңдегі биллингті қайта іске қосуды қамтамасыз етуге тиіс, бұл ретте алдыңғы іске қосу нәтижелері қайта есептеу себебінің белгісі бар нұсқа ретінде сақталады. 14 FR-БЛ-014 Жабық кезеңдердің өзгермейтіндігі Жүйе уәкілетті рөлдің шешімі бойынша есепті кезеңді жабуды қамтамасыз етуге тиіс, содан кейін кезеңнің биллинг нәтижелері өзгермейтін болады; қайта есептеуге тек түзету кезеңі арқылы жол беріледі. 15 FR-БЛ-015 Нәтижелерді экспорттау Жүйе есептеу құрылымын сақтай отырып, биллинг нәтижелерін PDF, XLSX форматтарында экспорттауды қамтамасыз етуге тиіс. 16 FR-БЛ-016 Рөлдер үшін ашықтық Жүйе әрбір рөлге (ҰЗМИ, ҚҰБҰ, Құқық иеленуші) рөлдік модель мен жариялау қағидаларында айқындалған көлемде биллинг нәтижелеріне қол жеткізуді ұсынуға тиіс. 5.9. «Әкімшілендіру» модулі (АД) 5.9-кесте — «Әкімшілендіру» модуліне (АД) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-АД-001 Пайдаланушылар мен рөлдерді басқару Жүйе Әкімшіге бекітілген рөлдік модельге, өкілеттіктердің қолданылу кезеңіне және ең аз қажетті артықшылықтар қағидатына сәйкес тіркелгілерді жасауға, бұғаттауға және бұғаттан шығаруға, рөлдер мен модульдерге қол жеткізу құқықтарын тағайындауға мүмкіндік беруге тиіс. Барлық өзгерістерге аудит жүргізіледі. 2 FR-АД-002 Кезеңдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін басқару Жүйе сыйақы мөлшерлемелерін қолданыла бастау күні көрсетілген, нұсқалары жүргізілетін анықтамалық ретінде жүргізуге және мөлшерлемені әкелу немесе өткізу операциясының күні бойынша қолдануға мүмкіндік беруге тиіс. Мөлшерлемені өзгерту бағдарламалық кодты пысықтауды талап етпеуге тиіс және негізін тіркей отырып, тек уәкілетті рөлге рұқсат етіледі. 3 FR-АД-003 Тоқсандық операциялар кестесін баптау Жүйе есептерді автоматты қалыптастыру және биллингті тоқсандар бойынша іске қосу кестесін белгілеуге және өзгертуге, тапсырмалардың орындалу нәтижесін бақылауға және кесте өзгерістерін журналдауға мүмкіндік беруге тиіс. 5.10. «Авторландыру және тіркеу» модулі (АР) 5.10-кесте — «Авторландыру және тіркеу» модуліне (АР) қойылатын функционалдық талаптар Р/с № Функцияның идентификаторы және атауы Функционалдық талап 1 FR-АР-001 Сыртқы пайдаланушыны тіркеу Жүйе Импорттаушының, Дайындаушының және ҚҰБҰ өкілінің тіркеуді өз бетінше бастауын қамтамасыз етуге тиіс. Тіркеу пайдаланушыны ҚР ҰКО ЭЦҚ құралдарымен сәйкестендіру арқылы орындалады; сәтті тексерілген сәйкестендіру деректері негізінде пайдаланушының ЖСН-імен және бар болса, өзі өкілдік ететін ұйымның БСН-імен байланысты тіркелгі мен профиль қалыптастырылады. Жеке кәсіпкер үшін тіркелгі ЖСН-мен байланыстырылады; жеке кәсіпкер ретінде тіркелу туралы мәліметтер ҚР ҚМ МКК деректері бойынша тексеріледі (6.7-кіші бөлім). Тіркеу аяқталғанға дейін Жүйе міндетті өрістерді тексеруге және қайталанатын белсенді тіркелгілердің

	жасалуына жол бермеуге тиіс. 2 FR-AP-002 ЭЦҚ мен сәйкестендіру деректерін тексеру Сыртқы пайдаланушы тіркелген және кірген кезде Жүйе қолданылатын сертификаттың және криптографиялық тексеру нәтижесінің жарамдылығын, сертификаттың қолданылу мерзімін, ЖСН/БСН-нің мәлімделген субъектіге сәйкестігін және сәйкестендіруге қажетті өзге қолжетімді атрибуттарды тексеруге тиіс. Тексеру сәтсіз болғанда қол жеткізу берілмейді, ал себебі пайдаланушыға артық техникалық мәліметтерді ашпай, оқиғалар журналында тіркеледі. 3 FR-AP-003 Келісімдер және пайдалану шарттары Сыртқы тіркелгі белсендірілгенге дейін Жүйе заңнамада және Тапсырыс берушінің баптауларында көзделген қажетті келісімдер мен растаулардың, оның ішінде дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің берілуін және тіркелуін қамтамасыз етуге тиіс. Жүйе мәтін нұсқасын, күн мен уақытты, пайдаланушы идентификаторын және растау нәтижесін сақтауға тиіс; міндетті растаудың болмауы тіркеуді аяқтауды бұғаттайды. 5 FR-AP-005 Пайдаланушыларды аутентификациялау Жүйе сыртқы пайдаланушыларды (Импорттаушы, Дайындаушы, ҚҰБҰ өкілі) тек ҚР ҰКО ЭЦҚ қолдану арқылы аутентификациялауды қамтамасыз етуге тиіс. ҰЗМИ қызметкерлерін аутентификациялау әкімші жасаған тіркелгі бойынша FR-AP-007 тәртібімен екі факторлы аутентификация арқылы орындалады; пароль саясатының талаптары әкімшілік панельде қызметкерлердің барлық тіркелгілері үшін біркелкі белгіленеді. Сәтті аутентификациядан кейін Жүйе пайдаланушы идентификаторы мен қол жеткізу контексі бар пайдаланушы сессиясын қалыптастырады; аутентификация сәтсіз болса, қорғалған функцияларға қол жеткізу берілмейді. 6 FR-AP-006 Рөлдік авторландыру және деректерді оқшаулау Жүйе қол жеткізудің рөлдік моделін (RBAC) іске асыруға және қорғалған функцияға немесе деректерге әрбір жүгіну кезінде сервер жағында өкілеттіктерді тексеруге тиіс. Сыртқы пайдаланушыға тек оның ЖСН/БСН-іне және тағайындалған рөліне қатысты мәліметтер мен операцияларға қол жеткізу беріледі; өзге субъектілердің деректеріне қол жеткізуге жол берілмеуге тиіс. Серверде өкілеттіктерді тексермей интерфейс элементтерін жасыру жеткілікті авторландыру тетігі болып есептелмейді. 7 FR-AP-007 ҰЗМИ қызметкерлерінің екі факторлы аутентификациясы Жүйе ҰЗМИ-дің барлық қызметкерлерінің міндетті екі факторлы аутентификациясын (2FA) қамтамасыз етуге тиіс: бірінші фактор — әкімші жасаған тіркелгі (логин мен пароль), екіншісі — ҚР ҰКО ЭЦҚ қою. Екінші фактордан сәтті өтпей кіруге жол берілмейді. Сыртқы пайдаланушыларға (Импорттаушы, Дайындаушы, ҚҰБҰ өкілі) екі факторлы аутентификация қолданылмайды: олар FR-AP-005 тәртібімен тек ҚР ҰКО ЭЦҚ қолдану арқылы аутентификацияланады. 8 FR-AP-008 Пайдаланушы сессияларын басқару Жүйе пайдаланушының бастамасымен сессияны аяқтауды, бапталатын әрекетсіздік кезеңі және сессияның шекті өмір сүру мерзімі өткеннен кейін автоматты аяқтауды не қайта аутентификациялауды, сондай-ақ тіркелгі бұғатталғанда немесе өкілеттіктер елеулі өзгергенде белсенді сессияларды кері қайтаруды қамтамасыз етуге тиіс. Күту

	уақытының мәндері бағдарламалық кодты өзгертпей конфигурация арқылы белгіленуге тиіс. 9 FR-AP-009 Рұқсатсыз кіру әрекеттерінен қорғау Жүйе аутентификацияның сәтсіз әрекеттерінің жиілігін шектеуді, уақытша бұғаттауды немесе тіркелгі деректерін іріктеп табуға қарсы келісілген өзге тетіктерді, сондай-ақ көзделген жағдайларда әкімшілік бұғаттан шығару мүмкіндігін іске асыруға тиіс. Шекті мәндер мен бұғаттау уақыты бапталатын болуға тиіс; бұғаттау және бұғаттан шығару оқиғаларына аудит жүргізіледі. 10 FR-AP-010 Қол жеткізу оқиғаларын журналдау Жүйе тіркелу, белсендіру, кіру, шығу, сәтсіз аутентификация, екі факторлы аутентификацияны (2FA) қолдану, бұғаттау және бұғаттан шығару, рөлдерді өзгерту, сессияларды аяқтау және қол жеткізуден бас тарту оқиғаларының журналын жүргізуге тиіс. Әрбір оқиға үшін күн мен уақыт, пайдаланушының немесе тіркелгінің идентификаторы, нәтиже, оқиға түрі және дереккөздің қолжетімді техникалық атрибуттары тіркеледі. Журнал тек уәкілетті рөлдерге қолжетімді болып, рұқсатсыз өзгертуден қорғалуға тиіс. 11 FR-AP-011 Тіркелгінің өмірлік циклі Жүйе сыртқы пайдаланушылар мен ҰЗМИ қызметкерлері тіркелгілерінің өмірлік циклін тіркелудің басталуын, белсенді пайдалануды, бұғаттауды және деактивацияны көрсететін мәртебелермен жүргізуге тиіс. Мәртебелер тізбесі мен олардың арасындағы рұқсат етілген ауысулар модульдің СТПО құжатында айқындалады. Мәртебені өзгерту уәкілетті пайдаланушының әрекеті не жүйелік оқиға бойынша орындалып, негізі, авторы және уақыты көрсетіле отырып тіркеледі. Тіркелгіні бұғаттау немесе деактивациялау оның қолданыстағы сессияларын тоқтатады; бұл ретте операциялар тарихы мен аудит журналдары сақталады. ҰЗМИ қызметкерлерінің тіркелгілерін әкімші жасайды, бұғаттайды және деактивациялайды. 6. Сыртқы жүйелермен интеграциялар Өнім беруші осы бөлімде келтірілген құрам мен сипаттамаларға сәйкес интеграцияларды іске асыруға міндетті. Сыртқы жүйелермен алмасу барлық кіріс және шығыс хабарларды міндетті журналдау, қайталап әрекет ету, идемпотенттілік және мониторинг қолдауымен бірыңғай интеграциялық шлюз арқылы жүзеге асырылады. Осы бөлімде аталған сыртқы цифрлық жүйелермен интеграциялардың кез келгенін іске асыру тек Тапсырыс беруші тиісті жүйеге, оның техникалық құжаттамасына, тестілік және өнімді орталарына қол жеткізуді ұсынған және сыртқы жүйе иесінің келісімі болған жағдайда ғана мүмкін. Аталған шарттар болмаған жағдайда Өнім берушінің тиісті интеграция бойынша жұмыстарының көлемі ұсынылған мәліметтерге сәйкес Жүйе жағында адаптерді іске асырумен шектеледі; жұмыстардың мерзімдері, құрамы және құны Тараптардың келісімі бойынша түзетіледі. 6.1. Интеграциялардың жиынтық тізілімі 6.1-кесте — Интеграциялардың жиынтық тізілімі Сыртқы жүйе Бағыты Мақсаты Модульдер Кезең ЗМҚК (SmartBridge арқылы) Екіжақты Әкелу фактісі туралы мәліметтерді қабылдау (импорттаушының атауы, БСН/ЖСН, ТД нөмірі); келісім растамасымен Импорттаушының ТД нөмірі бойынша нысаналы сұрау салуын жіберу; декларация бойынша мәліметтер мен бас тартуларды

	қабылдау; келісім мәртебесі туралы мәліметтерді беру РИ, УВ, ЛК I — тестілік орта; II — өнімді орта «ЗТ» МДҚ (SmartBridge арқылы) Кіріс БСН бойынша заңды тұлға туралы мәліметтерді тексеру және өзектендіру АР, ЛК, РИ I — тестілік орта; II — өнімді орта «ЖТ» МДҚ (SmartBridge арқылы) Кіріс ЖСН бойынша жеке тұлға туралы мәліметтерді тексеру және өзектендіру АР, ЛК I — тестілік орта; II — өнімді орта ҚР ҚМ МКК (SmartBridge арқылы) Кіріс ЖСН бойынша жеке кәсіпкерлер туралы мәліметтер алу АР, ЛК, РИ I — тестілік орта; II — өнімді орта КДП (қажеттілігі расталған жағдайда) Кіріс Субъектінің дербес деректерді өңдеуге келісімі туралы мәліметтерді алу және тексеру АР, ЛК II БЦП Екіжақты Пайдалану (ротациялар) туралы есептерді, құқық иеленушілер туралы мәліметтерді және ҚҰБҰ тізілімін алу; есептелген сомаларды және сыйақыны бөлу нәтижелерін беру БЛ, ОТ, ДГ, ЛК I — тестілік орта; II — өнімді орта Банк (ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме) Кіріс ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме алу, түсімдерді шоттармен сәйкестендіру УП, УВ I — тестілік орта; II — өнімді орта ҚР ҰКО ЭЦҚ инфрақұрылымы Екіжақты Пайдаланушыларды аутентификациялау, хабарламалар мен шарттарға қол қою, сертификаттарды тексеру АР, УВ, ДГ I ҚР ҰБ Кіріс Әкелу күніндегі ресми валюта бағамы РИ, УВ I E-mail / SMS Шығыс Пайдаланушыларды хабардар ету Барлығы I — e-mail; II — SMS Мобильді қосымша (сыртқы өнім беруші) Шығыс Құқық иеленушілерге көрсету үшін есептелген сомалар, төлемдер және мәртебелер туралы мәліметтерді беру ЛК, БЛ II 6.2. Интеграцияларды іске асыруға қойылатын жалпы талаптар Өнім беруші әрбір интеграция үшін мыналарды іске асыруға міндетті: 1) Жүйе жағында іске асырылатын интерфейстер үшін нұсқаларын жүргізумен OpenAPI 3.0+ нотациясындағы API сипаттамасы. 2) Дербес және төлем деректерін бүркемелей отырып, идентификаторын, бағытын, күні мен уақытын, корреспондентін, операциясын, мәртебесін, қате коды мен мәтінін тіркейтін құрылымдалған хабарлар журналы. 3) Жеткізілуіне кепілдік берілген және нысаналы жүйе уақытша қолжетімсіз болғанда хабарлар сақталатын хабарлар кезектері. 4) Тек уақытша қателер кезінде қайталап, экспоненциалды кідіріспен және әрекеттердің шекті санымен қайталау стратегиясы. 5) Операциялардың идемпотенттілігі: бір хабарды қайта алу жазбалардың қайталануына әкелмеуге тиіс. 6) Арналардың жай-күйін (қолжетімділік, кідірістер, кезек ұзындығы, сертификаттардың қолданылу мерзімі) мониторингтеу және инциденттер туралы хабарлау. 7) Хабардың бастапқы мазмұнын өзгертпей және негізін тіркей отырып, уәкілетті рөлдің интерфейстен хабарларды қайта өңдеу мүмкіндігі. 8) Алмасу регламентінде көзделген жерде TLS 1.2 және одан жоғары нұсқасын және тараптардың өзара аутентификациясын (mTLS) қолдану арқылы беру арнасын қорғау. 9) Алмасу регламентінде көзделсе, шығыс хабарларға қол қою және кіріс хабарлардың қолтаңбасын тексеру. 10) Хабарлар схемасын тексеру, күту уақытының шектері және қате хабарларды бақыланатын қателер кезегіне орналастыру. 11) Тестілік ортадан өнімді деректерге қол жеткізуді

	болдырмайтын, әр ортаға бөлек мекенжайлар, сертификаттар және күту уақытының баптаулары. 6.3. SmartBridge интеграциялық платформасы арқылы өзара іс-қимыл ЗМҚК, «ЗТ» МДҚ, «ЖТ» МДҚ, ҚР ҚМ МКК және КДП-мен алмасу SmartBridge интеграциялық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Өнім беруші мыналарды қамтамасыз етуге міндетті: - Жүйені қосу және платформада интеграциялық сервистерді тіркеу үшін қажетті құжаттар жиынтығын дайындау және қосылу рәсімін техникалық сүйемелдеу; - хабарлар форматтарын, аутентификация тетіктерін, сертификаттарға және қабылдауды растауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, платформаның көліктік және қолданбалы талаптарын іске асыру; - қолданбалы сервистердің шлюзді айналып өтіп сыртқы жүйелерге тікелей қосылуына тыйым сала отырып, интеграциялық шлюзді бөлінген желілік сегментте орналастыру; - сертификаттардың қолданылу мерзімі аяқталуының жақындағаны туралы хабарлай отырып, тіркелген сервистерді, олардың нұсқалары мен сертификаттарын есепке алу; - өзара іс-қимылды өнімді режимге көшіргенге дейін платформаның және сыртқы жүйелер иелерінің стендтерінде тестілік алмасу өткізу. Жүйені интеграциялық платформаның өнімді ортасына қосу киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарының оң нәтижесі алынғаннан кейін орындалады (осы Ерекшеліктің 10-бөлімі). Мәліметтердің болмауы, сервистің теріс не анықталмаған жауабы субъектіге автоматты бас тарту үшін негіз болып табылмайды: жазбаға «тексеру қажет» белгісі қойылып, ҰЗМИ-дің уәкілетті рөліне тапсырма қалыптастырылады. 6.4. ЗМҚК-мен өзара іс-қимыл Өнім беруші «ТТ» ЦЖ-ның ЗМҚК-мен мынадай өзара іс-қимылын іске асыруға міндетті: әкелу фактісі туралы мәліметтердің ең аз жиынтығын қабылдау (импорттаушының атауы, БСН/ЖСН, ТД нөмірі); келісім растамасымен Импорттаушының ТД нөмірі бойынша нысаналы сұрау салуын жіберу; Импорттаушының декларациясы бойынша мәліметтерді және ЗМҚК бас тартуларын қабылдау; келісім мәртебесінің өзгеруі туралы мәліметтерді беру. «ТТ» ЦЖ-ны МКК-мен тікелей интеграциялау және ҰЗМИ-дің егжей-тегжейлі мәліметтерге бастапқы тікелей қол жеткізуі көзделмейді. ЗМҚК-мен алмасу үшін екі түрлі келісім қолданылады: келісім берілгенге дейінгі ең аз жиынтық және келісім берілгеннен кейінгі декларация мәліметтері. Алмасу келісімдерін араластыруға жол берілмейді. Импорттаушының сұрау салуы бойынша ЗМҚК-ден алынған өз декларациялары туралы мәліметтер оның жеке кабинетіне жүктеледі және FR-РИ-015 – FR-РИ-018 тәртібімен өз бетінше енгізілген мәліметтермен тексеру және салыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Импорттаушының өзі деректерді сұратып, алғанға дейін жазба жасауға және автоматты сыйақы есептеуге жол берілмейді. Анықталған алшақтықтар бастапқы мәліметтерді жоймай тіркеліп, уәжді шешім қабылдау үшін ҰЗМИ сарапшысына беріледі. I кезеңде өзара іс-қимыл эмуляторлар немесе Тапсырыс беруші ұсынған стендтер арқылы тестілік ортада іске асырылып, тексеріледі; II кезеңде бірлескен интеграциялық сынақтар өткізіліп, өнімді режимге көшіріледі. 6.5. «ЗТ» МДҚ-мен интеграция Өнім беруші заңды

	тұлға болып табылатын Импорттаушыны, Дайындаушыны және ҚҰБҰ-ны тіркеу және профиль жүргізу кезінде сәйкестендіру үшін заңды тұлға туралы мәліметтерді, оның ішінде атауын, тіркеу мәртебесін және қызметінің тоқтатылу фактісін БСН бойынша тексеруді және өзектендіруді іске асыруға міндетті. Ұйым мәртебесінің өзгеруі субъект профилінде көрсетіледі; қызметінің тоқтатылғаны анықталса, ҰЗМИ-дің уәкілетті рөліне тапсырма қалыптастырылады. Алынған мәліметтер дереккөзі мен алынған күні көрсетіле отырып сақталады. 6.6. «ЖТ» МДҚ-мен интеграция Өнім беруші пайдаланушыларды тіркеу кезінде субъектінің бар екенін және өзекті мәртебесін растауға қажетті көлемде ЖСН бойынша жеке тұлға туралы мәліметтерді тексеруді және өзектендіруді іске асыруға міндетті. Артық атрибуттарды сұратуға жол берілмейді; жауаптан тек нақты операцияны орындауға қажетті атрибуттар дереккөзі мен алынған күні көрсетіле отырып сақталады. Мәліметтер Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып өңделеді. 6.7. ҚР ҚМ МКК-мен интеграция (жеке кәсіпкерлер туралы мәліметтер) Өнім беруші жеке кәсіпкер болып табылатын Импорттаушыны немесе Дайындаушыны сәйкестендіру үшін ЖСН бойынша жеке кәсіпкер туралы мәліметтер алуды (атауы, тіркеу мәртебесі, қызметінің тоқтатылу фактісі) іске асыруға міндетті. Жүйені ҚР ҚМ МКК-мен тікелей интеграциялау көзделмейді. 6.8. КДП-мен интеграция Егер «ЖТ» МДҚ-ға қосылу шарттарында дербес деректер субъектісінің келісімін дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервисі (КДП) арқылы алу көзделсе, Өнім беруші осындай келісімді талап ететін операцияларды орындағанға дейін субъектінің келісімі туралы мәліметтерді алу және тексеру үшін КДП-мен интеграцияны іске асыруға міндетті. КДП-дегі келісімді тексеру тетігі дербес болып табылады және Импорттаушының өз бетінше тіркелу кезінде беретін келісімін (FR-РИ-015) алмастырмайды. Интеграцияның қажеттілігі мен көлемі техникалық жобада бекітіледі. 6.9. ҚР ҰКО ЭЦҚ инфрақұрылымымен интеграция Өнім беруші ҚР ҰКО инфрақұрылымын пайдаланып хабарламалар мен шарттарға ЭЦҚ қоюды, қол қою сәтінде сертификаттардың жарамдылығын тексеруді, қолтаңба деректемелері мен қол қойылған құжатпен байланысын тіркеуді, браузерлік криптографияны (NCALayer) немесе қол қоюдың серверлік компонентін қолдауды іске асыруға міндетті. ҚР ҰКО ЭЦҚ инфрақұрылымы сыртқы пайдаланушыларды тіркелу және кіру кезінде сәйкестендіру және аутентификациялау үшін, сондай-ақ ҰЗМИ қызметкерлерін аутентификациялаудың екінші факторы ретінде қолданылады (FR-АР-007). Сенім тізбегі, сертификаттың қолданылу мерзімі және кері қайтарылу мәртебесі, иесінің ЖСН-і және ұйымның БСН-і тексеріледі. Жабық кілт Жүйеге берілмейді және онда сақталмайды; тексеру нәтижесі пайдаланушы сессиясымен байланыстырылып, аудит журналында тіркеледі. 6.10. Банкпен интеграция (ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме алу) Өнім беруші ҰЗМИ шоты ашылған банктің API-і арқылы ҰЗМИ шоты бойынша үзінді көшірме алуды және идемпотенттілікті қамтамасыз ете отырып,

	түсімдерді төлем мақсаты бойынша ұсынылған шоттармен автоматты сәйкестендіруді іске асыруға міндетті. Сәйкестендірілген түсімдер УП және УВ модульдерінде көрсетіледі; сәйкестендірілмеген және ішінара түсімдер қолмен өңдеу үшін ҰЗМИ бухгалтериясына беріледі (FR-УП-005, FR-УП-006). Банктің API-іне қосылуды (тіркелу, жазылу, тіркелгі деректерін алу) шот иесі ретінде ҰЗМИ ресімдейді; Өнім беруші интеграцияны техникалық іске асыруды қамтамасыз етеді. Банктің төлем шлюзімен интеграция және онлайн-эквайринг іске асырылмайды. 6.11. ҚР ҰБ-мен интеграция (валюта бағамдары) Өнім беруші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен әкелу күніне валюталардың KZT-ге қатысты ресми бағамын автоматты алуды, бағам мен күнді тізілім жазбасында бекітуді, кедендік құнды теңгемен есептеуді және бекітілген бағамды кейін қайта есептемей сақтауды іске асыруға міндетті. Бағамды алу мүмкін болмаса, жазбаға «Бағам қажет» белгісі қойылып, бағам алынғанға немесе Әкімші оны қолмен енгізгенге дейін (келісу бойынша) хабарлама қалыптастыру бұғатталады. Интеграция Тапсырыс беруші тиісті сыртқы жүйенің өнімді және тестілік орталарына, техникалық құжаттамасына (оның ішінде API спецификацияларына/алмасу форматтарына) қол жеткізуді, өзара іс-қимыл регламентін және жүйе иесімен келісімдерді ұсынған жағдайда іске асырылады; аталған шарттардың кез келгені болмаған жағдайда Өнім берушінің осы интеграция бойынша жұмыстарының көлемі ұсынылған мәліметтерге сәйкес адаптерді іске асырумен шектеледі, ал жұмыстардың мерзімдері мен құрамы Тараптардың келісімі бойынша түзетіледі. 6.12. Хабардар ету (E-mail, SMS, push) Өнім беруші шаблондарды (RU/KZ), e-mail арнасын (корпоративтік SMTP-релей немесе Тапсырыс берушімен келісілген сервис арқылы), SMS арнасын (шлюз немесе агрегатор арқылы) және жеке кабинеттегі хабарландыруларды, сондай-ақ жіберілімдер журналы мен жеткізуді бақылауды қолдайтын хабардар ету модулін іске асыруға міндетті. 6.13. Бірыңғай цифрлық платформамен интеграция Жүйе ҚҰБҰ, құқық иеленушілер, туындылар және авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың өзге объектілері, ротациялар, сыйақыны есептеу, бөлу және төлеу туралы мәліметтерді беру, алу, өзектендіру және салыстырып тексеру бөлігінде Бірыңғай цифрлық платформамен екіжақты цифрлық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге тиіс. Цифрлық өзара іс-қимыл жазбалардың бірегей идентификаторларын пайдалана отырып жүзеге асырылуға, берілетін мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын бақылауды, алмасу нәтижелерін тіркеуді, өзгерістер тарихын сақтауды және интеграциялық өзара іс-қимыл қателерін өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс. Берілетін және алынатын мәліметтердің құрамы: 1) ҚҰБҰ бойынша мәліметтер: – ҚҰБҰ атауы, БСН-і, тіркеу және байланыс мәліметтері; – ҚҰБҰ мәртебесі және оған берілген өкілеттіктер туралы мәліметтер; – басқарылатын құқықтар санаттары, авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерінің түрлері, басқару аумақтары мен кезеңдері туралы мәліметтер; – ҚҰБҰ репертуарына енгізілген құқық иеленушілер және авторлық құқық пен сабақтас

	құқықтар объектілері туралы мәліметтер; – есепті кезеңі, құқық иеленушілер санаты және бөлу негіздері көрсетілген бөлінуге тиіс сыйақы сомалары; – Қағидалардың 4-қосымшасында көзделген нысан бойынша сыйақыны бөлу нәтижелері; – Қағидалардың 5 және 7-қосымшаларында көзделген нысандар бойынша жасалған төлемдер, төленбеген және талап етілмеген сомалар, сондай-ақ қалдықтар туралы мәліметтер; – есептілікті қалыптастыру, ұсыну, тексеру, келісу және түзету мәртебелері туралы мәліметтер; – анықталған алшақтықтар мен ескертулер, оларды қарау нәтижелері және қабылданған шешімдер туралы мәліметтер; – сыйақыны жинауға, бөлуге және төлеуге байланысты төлем құжаттары мен операциялар туралы мәліметтер. 2) Құқық иеленушілер бойынша мәліметтер: – құқық иеленушінің сәйкестендіру мәліметтері, оның ішінде ЖСН немесе БСН, тегі, аты, бар болса әкесінің аты не заңды тұлғаның атауы; – құқық иеленушінің санаты, оның ішінде автор, орындаушы, фонограмма өндірушісі немесе өзге құқық иеленуші; – айрықша немесе өзге мүліктік құқықтардың тиесілігі, қатысу үлестері және құқықтардың қолданылу мерзімдері туралы мәліметтер; – ҚҰБҰ арқылы құқықтарды басқарудың шарттары, өкілеттіктері және өзге негіздері туралы мәліметтер; – байланысты туындылар, орындаулар, фонограммалар және авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың өзге объектілері туралы мәліметтер; – есепті кезеңдер, құқықтар санаттары, объектілер және пайдалану көздері бойынша бөлінген есептелген сыйақы туралы мәліметтер; – сыйақыны бөлу негіздері мен нәтижелері туралы мәліметтер; – есептелген, бөлінген, төленген, төленбеген және талап етілмеген сомаларды қоса алғанда, сомалар мәртебелері; – күні, сомасы, төлем мақсаты және орындалу мәртебесі қамтылған байланысты төлемдер туралы мәліметтер; – рөлдік модельге сәйкес қолжетімді көлемдегі төлем және банк деректемелері туралы мәліметтер; – құқық иеленушінің деректемелері мен өзге деректерін өзектендіру қажеттілігі туралы мәліметтер; – мәліметтердің, өтініштердің, ескертулердің және олар бойынша қабылданған шешімдердің өзгерістер тарихы. 3) Туындылар және авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың өзге объектілері бойынша мәліметтер: – объектінің бірегей идентификаторы; – балама атауларын қоса алғанда, туындының немесе өзге объектінің атауы; – авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектісінің түрі мен санаты; – авторлар, орындаушылар, фонограмма өндірушілері және өзге құқық иеленушілер туралы мәліметтер; – құқық иеленушілердің үлестері және мүліктік құқықтардың бөлінуі туралы мәліметтер; – тиісті құқықтарды басқаруды жүзеге асыратын ҚҰБҰ туралы мәліметтер; – объектіні ҚҰБҰ репертуарына енгізу және мұндай енгізудің мәртебесі туралы мәліметтер; – бар болса, объектінің халықаралық, салалық және ішкі идентификаторлары; – берілген құқықтардың аумағы, мерзімі және көлемі туралы мәліметтер; – объектіні сәйкестендіруге және оны пайдалану туралы мәліметтермен салыстыруға қажетті метадеректер; – тиісті объекті бойынша есептелген, бөлінген және төленген сыйақы туралы мәліметтер; –

	алшақтықтардың, даулы деректердің, қайталанатын жазбалардың бар-жоғы және оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтер; – объект туралы мәліметтерді тіркеу, өзектендіру және өзгерту тарихы. 4) Ротациялар және авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерін өзге пайдалану бойынша мәліметтер: – телерадиоарнаны, хабар тарату ұйымын, цифрлық платформаны немесе өзге көзді қоса алғанда, пайдалану көзі; – есепті кезең, объектіні пайдалану күні мен уақыты; – пайдаланудың ұзақтығы, саны және түрі; – пайдалану аумағы; – туындының, орындаудың, фонограмманың немесе өзге объектінің атауы; – бастапқы деректерде көрсетілген авторлар, орындаушылар, фонограмма өндірушілері және өзге құқық иеленушілер туралы мәліметтер; – бар болса, туындының, фонограмманың, орындаудың және өзге байланысты объектілердің идентификаторлары; – есепті, тізілімді немесе цифрлық жүйені қоса алғанда, ротация деректерін алу көзі туралы мәліметтер; – алуды, тексеруді, сәйкестендіруді, ішінара сәйкестендіруді, растауды, қабылдамауды немесе нақтылауға жіберуді қоса алғанда, жазбаны өңдеу мәртебесі; – ротацияны туындылармен және құқық иеленушілермен автоматты және қолмен сәйкестендіру нәтижелері; – анықталған қайталанатын, қате немесе толық емес жазбалар туралы мәліметтер; – ескертулер, тексеру нәтижелері және қабылданған шешімдер; – сыйақыны есептеу және бөлу кезінде қолданылатын пайдалану көрсеткіштері; – ротацияның тиісті туындымен, құқық иеленушімен, ҚҰБҰ-мен және сыйақыны бөлу нәтижесімен байланысы туралы мәліметтер; – ротация туралы мәліметтерді өзгерту және өңдеу тарихы. 5) Импорттаушылар мен дайындаушылар бойынша мәліметтер: – импорттаушылар мен дайындаушылар туралы сәйкестендіру және тіркеу мәліметтері; – тізілім жазбаларының, хабарламалар мен шоттардың мәртебелері; – төленуге тиіс сомалар туралы мәліметтер; – есептелген сомалар мен төлемдер тарихы; – FR-РИ-015–FR-РИ-018 талаптары шеңберінде ЗМҚК-ден алынған мәліметтерді тексеру және салыстыру нәтижелері; – анықталған алшақтықтар, ескертулер, қабылданған шешімдер және жіберілген хабарламалар туралы мәліметтер. 6) Бірыңғай цифрлық платформаның ашық бөлігі мен мобильді қосымшаға арналған мәліметтер: – Қағидаларға сәйкес тоқсан сайын ашық орналастырылуға тиіс мәліметтер; – сыйақыны жинау, бөлу және төлеу туралы жинақталған мәліметтер; – құрамы Қағидалармен және Бірыңғай цифрлық платформаның рөлдік моделімен айқындалатын өзге жалпыға қолжетімді мәліметтер. 7) Оқиғалар мен хабарламалар: – жаңа хабарламаның түсуі; – жазбаның, өтініштің, есептің, есептелген соманың немесе төлемнің мәртебесінің өзгеруі; – іс шеңберінде жаңа хабардың немесе құжаттың түсуі; – есептелген немесе төленуге тиіс сыйақының пайда болуы; – алшақтықтардың немесе мәліметтерді нақтылау қажеттілігінің анықталуы; – құқық иеленушінің төлем және өзге деректемелерін, оның ішінде Қағидалардың 40-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін үш ай бұрын өзектендіру қажеттілігі; – тексерудің, бөлудің немесе төлемнің аяқталуы; – цифрлық өзара іс-қимыл қатесінің

	туындауы. Атрибуттардың егжей-тегжейлі құрамы, алмасу форматтары мен мерзімділігі, жазбаларды сәйкестендіру қағидалары, мәртебелер анықтамалықтары, интеграциялық сервистер әдістері, сұрау салуларды өңдеу тәртібі және қателерді өңдеу сценарийлері тиісті СТПО құжаттарында Өнім берушімен айқындалып, Тапсырыс берушімен келісіледі. 7. Функционалдық емес талаптар Өнім беруші Жүйенің осы бөлімдегі функционалдық емес талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті. Түпкілікті жүктеме бейіні, операциялар бойынша жауап беру уақытының нормативтері және жол берілетін қателер техникалық жобада және сынақтар бағдарламасы мен әдістемесінде бекітіледі. 7.1. Мақсатты көрсеткіштер және өнімділік Жүйе мынадай мақсатты және өнімділік көрсеткіштеріне сәйкес келуге тиіс: – жүктемелік тестілеу оқу, жазу, іздеу, құжаттарды жүктеу, API жұмысы және фондық тапсырмаларды қамтитын келісілген операциялар бейіні бойынша бір уақытта жұмыс істейтін кемінде 500 пайдаланушымен жүргізіледі; – іздеу, карточканы ашу, жобаны сақтау, тізім алу, қол қою, файл жүктеу және API-ге жүгіну үшін жауап беру уақытының жеке нормативтері белгіленіп, сынақтар бағдарламасы мен әдістемесінде бекітіледі және хаттамалармен расталады; – тоқсандық есептеулер, есептерді қалыптастыру және жаппай хабарламалар Қағидаларда белгіленген регламенттік мерзімдерде аяқталады; – беттерге бөлу және сүзу сервер жағында орындалады, көлемді есептер асинхронды қалыптастырылады, ресурсты көп қажет ететін сұрау салулар шектеледі; – Жүйе қолданбалы логиканы өзгертпей масштабталады; қуатты есептеу кемінде үш жыл пайдалану кезеңіндегі өсу болжамын ескереді. 7.2. Сенімділік және істен шығуға төзімділік Жүйе сенімділік пен істен шығуға төзімділіктің мынадай көрсеткіштерін қамтамасыз етуге тиіс: – Жүйенің сыни компоненттерінде бірыңғай істен шығу нүктесі жоқ; – келісілген технологиялық үзілістерді есептемегенде, негізгі пайдаланушы функцияларының қолжетімділігі күнтізбелік айда кемінде 99%; пайдаланушы функциялары тәулік бойы қолжетімді; – сыни функциялардың RTO көрсеткіші — 30 минуттан аспайды; сыни деректердің RPO көрсеткіші — 5 минуттан аспайды; резервтік түйінге ауысу — 5 минуттан аспайды; – сыртқы жүйе қолжетімсіз болғанда хабарлар кезекте сақталады; қайта өңдеу есептелген сомалардың, хабарламалардың, төлемдердің, шарттар мен есептердің қайталануына әкелмейді; – істен шығуға төзімділік және қалпына келтіру тетіктері сынақтармен тексеріледі; резервтік көшіру жүйелі бақылау қалпына келтіруімен бірге кесте бойынша орындалады. 7.3. Жұмыс істеу режимдері Жүйе мынадай жұмыс істеу режимдерін қолдауға тиіс: 7.1-кесте — Жүйенің жұмыс істеу режимдері Режим Сипаттамасы Қалыпты Барлық компоненттер мен интеграциялар қолжетімді. Технологиялық қызмет көрсету Өзгерістер пайдаланушыларды хабардар етіп және кері қайтару жоспарын дайындап, келісілген уақыт аралығында орындалады. Шектеулі жұмыс қабілеттілігі Жекелеген сыртқы интеграция қолжетімсіз; хабарлар кезекте сақталады, пайдаланушы функциялары жұмысын жалғастырады, қолмен

	орындалатын режимдер қолданылады (3.5-кіші бөлім). Авариялық Сыни компонент қолжетімсіз; қалпына келтіру жоспары бойынша ауысу немесе қалпына келтіру орындалады. Қалпына келтіру Деректер мен кезектердің тұтастығы тексеріледі; тек қауіпсіз операциялар қайта іске қосылады. 7.4. Пайдалану ыңғайлылығы және қолжетімділік Жүйенің пайдаланушы интерфейсі мыналарды қамтамасыз етуге тиіс: – контексті жоғалтпай тілді ауыстыру арқылы орыс және қазақ тілдерінде жұмыс істеу; – стационарлық және мобильді құрылғыларда жұмыс істеу және дизайнның «ҰЗМИ» РМК брендбугіне және бекітілген прототиптерге сәйкестігі; – ішкі мекенжайларды, шақырулар стектерін және қолжетімділігі шектеулі деректердің мәндерін ашпайтын, пайдаланушыға түсінікті қате хабарлары және сыни операцияларды (қол қою, құжаттар жіберу) растау; – қолдануға болатын қисынды шектерде сыртқы пайдаланушылардың жеке кабинеттері бөлігінде AA деңгейіндегі веб-контенттің қолжетімділік қағидаттарына (WCAG) сәйкестік; – қазіргі браузерлердің (Chromium-мен үйлесімді, Firefox, Safari) өзекті шығарылымдарын қолдау. 7.5. Сүйемелдеуге жарамдылық және бақыланушылық Өнім беруші Жүйенің сүйемелдеуге жарамдылығын және бақыланушылығын, оның ішінде мыналарды қамтамасыз етуге міндетті: – код базасының таңдалған технологиялық стектің жалпы қабылданған стандарттарына сәйкестігі; – модульдердің өзекті күйде сақталатын құжаттамамен толық қамтылуы; – пайдалану кезіндегі инциденттерді диагностикалау мүмкіндігімен орталықтандырылған журналдау, метрикаларды жинау және таратылған шақыруларды қадағалау. 8. Технологиялық стек Өнім беруші Жүйені Тапсырыс берушінің корпоративтік технологиялық стегінде іске асыруға, микросервистік архитектура қағидаттары мен стандарттарын қолдануға және «Бірыңғай цифрлық платформа» цифрлық жүйесімен, ҰЗМИ ААЖ-мен және өзге сыртқы цифрлық жүйелермен құжатталған интерфейстер арқылы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндетті. БЦП, ҰЗМИ ААЖ және «ТТ» ЦЖ жеке цифрлық жүйелер ретінде қарастырылады. 8.1. Нысаналы стек Жүйе 8.1-кестеде келтірілген технологияларды қолдана отырып іске асырылады. 8.1-кесте — Нысаналы технологиялық стек Сала Технология Backend Java 17 және одан жоғары нұсқасы, Spring Boot, Spring Security, Spring Data Аутентификация және тіркелгілерді басқару Keycloak (ҚР ҰКО ЭЦҚ қолданылатын аутентификацияға және екінші факторға арналған кеңейтімімен) ДҚБЖ PostgreSQL 14 және одан жоғары нұсқасы Хабарлар брокері және кезектер RabbitMQ Интерфейстер OpenAPI 3.0+ сипаттамасы бар REST API; ішкі асинхронды өзара іс-қимылдар — хабарлар брокері арқылы Frontend TypeScript қолданылатын Vue немесе React Контейнерлеу Docker Оркестрация Kubernetes Кері прокси және жүктемені теңгергіш Nginx Объектілер мен файлдар қоймасы MinIO Нұсқаларды бақылау Git; Тапсырыс беруші жағындағы репозиторий CI/CD Тапсырыс беруші жағындағы жинақтау, тестілеу және орналастыру конвейері Мониторинг және журналдау Prometheus және Grafana негізіндегі стек 8.2. Стектен ауытқу шарттары Баламалы технологияларды пайдалануға

	баламалылық сипаттамасы мен тәуекелдер талдауы қамтылған архитектуралық негіздеме негізінде, жеке құжатпен ресімделген Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімі бойынша ғана жол беріледі. Келісілмеген ауытқу тиісті жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады. 9. Бастапқы кодты беру Өнім беруші әзірлеуді Тапсырыс берушінің репозиторийінде жүргізуге не коммиттердің толық тарихын сақтай отырып, кодтың өзекті күйін Тапсырыс беруші көрсеткен репозиторийге жүйелі түрде беруге міндетті. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге бастапқы кодты, жинақтау және орналастыру скрипттерін, деректер қорының көшірулерін, орта конфигурацияларын, құжаттаманы, контейнер бейнелерін және оларды жинақтау нұсқаулықтарын береді. Орындалатын артефактілер берілген бастапқы кодқа сәйкес келуге және бақылау сомаларына ие болуға тиіс. Өнім беруші Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 110/НҚ бұйрығымен бекітілген «Электрондық үкіметтің» бірыңғай репозиторийінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес бастапқы кодтарды дайындауды және беруді қамтамасыз етеді. 10. Киберқауіпсіздік талаптары Осы бөлімнің талаптары жобалау, әзірлеу, сынау, тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану, сүйемелдеу сатыларында міндетті болып табылады және Техникалық тапсырмада белгіленген киберқауіпсіздік талаптарымен бірге қолданылады. Нақты қорғау құралдары мен олардың баптаулары техникалық жобамен айқындалады. 10.1. Жалпы талаптар Өнім беруші мыналарға міндетті: 1) Жүйенің киберқауіпсіздік саласындағы заңнамаға, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға және Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы киберқауіпсіздік саласының стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету. 2) Жүйенің және онда өңделетін мәліметтердің, оның ішінде дербес деректердің қолжетімділігін, тұтастығын және құпиялылығын қамтамасыз ету. 3) Аутентификация мен авторландырудың орталықтандырылған тетіктерін, сервер жағында өкілеттіктерді тексерумен қол жеткізуді рөлдік ажыратуды, ҰЗМИ қызметкерлерінің міндетті екі факторлы аутентификациясын (FR-AP-007), пайдаланушы сессияларының өмір сүру мерзімін және оларды кері қайтаруды басқаруды қамтамасыз ету. 4) Кіру тетіктерін автоматтандырылған іріктеп табудан қорғауды, тіркелу, аутентификация, авторландыру және өкілеттіктерді әкімшілік өзгерту оқиғаларын журналдауды, аудит журналдарын өзгертуден қорғауды және оларға қол жеткізуді бақылауды қамтамасыз ету. 5) Құпия деректерді бастапқы кодта, контейнер бейнелерінде, ашық конфигурациялар мен журналдарда сақтамау; техникалық журналдарға парольдерді, токендерді, кілттерді және дербес деректердің толық мәндерін жазбау. 6) Өнеркәсіптік емес орталарда синтетикалық не иесіздендірілген деректерді пайдалану; өнеркәсіптік

	деректер қорын әзірлеу және тестілеу орталарына көшіруге жол берілмейді. 10.2. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтары Жүйе «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілерді киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынау әдістемесі мен қағидаларында белгіленген тәртіппен киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарына жататын цифрлық объектілерге жатады. Сынақтардың оң нәтижесін алу Жүйені SmartBridge интеграциялық платформасының өнімді ортасына қосудың және Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға берудің шарты болып табылады. Сынақтарды аккредиттелген сынақ ұйымы өткізеді. Сынақтарды өткізу ұзақтығын сынақ ұйымы айқындайды және ол Өнім берушінің жұмыстарды орындау мерзіміне кірмейді. Жүйе мен құжаттаманы уақтылы дайындау, сынақтарды ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу, ескертулерді жою және қайта сынауға қатысу Өнім берушінің міндеттемелері болып табылады. Сынақтарға дайындық және оларды сүйемелдеу шеңберінде Өнім беруші мыналарға міндетті: 1) Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерін зерттеп-қарау барысында зерделенуге тиіс ұйымдастырушылық-өкімдік және техникалық құжаттар тізбесіне сәйкес киберқауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттаманы әзірлеу (10.3-кіші бөлім). 2) Анықталған ақаулар мен осалдықтарды жоюды қоса алғанда, Жүйенің сынақтар шеңберінде бағдарламалық қамтылымды статикалық және динамикалық талдау кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету. 3) Серверлердің, виртуалды ресурстардың және желілік инфрақұрылымның қауіпсіздік функцияларының киберқауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттамаға, нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін консультациялар мен ұсынымдар беру. 4) Сынақтардан өту кезінде ұйымдастырушылық-техникалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету: жауапты мамандарды бөлу, сынақ ұйымына келісілген көлемде стендке, бастапқы кодқа және құжаттамаға қол жеткізу беру, түсіндірмелерді жедел ұсыну. 5) Сынақ зертханасының талабы бойынша тиісті скриншоттар ұсыну арқылы Жүйеде киберқауіпсіздік функцияларының іске асырылғанын растауды қамтамасыз ету. 6) Сынақтардан өту үшін Жүйеден SIEM-ге қажетті мәліметтерді беруді қамтамасыз етуде Тапсырыс берушіге жәрдемдесу. 7) Сынақтар нәтижелері бойынша анықталған ескертулерді Тараптар келіскен мерзімдерде жою және оң нәтиже алынғанға дейін қайта сынауға қатысу. 10.3. Киберқауіпсіздік жөніндегі құжаттама жиынтығы Өнім беруші сынақтардан өту үшін қажетті, кемінде мыналарды қамтитын құжаттама жиынтығын әзірлеуге және (немесе) өзектендіруге міндетті: – активтер, сенім шекаралары, деректер ағындары, қауіптер және қорғау шаралары сипатталған қауіптер мен бұзушы моделі; – орталар мен желілік контурларды бөлуді қоса алғанда, Жүйенің қауіпсіздік архитектурасының сипаттамасы және желілік өзара іс-қимыл матрицасы; – қол жеткізуді басқару саясаты, рөлдер мен өкілеттіктер матрицасы, тіркелгілерді, парольдерді және екі факторлы аутентификацияны басқару регламенті; – негіздерін, мақсаттарын, құрамын, сақтау

	мерзімдерін және жою тәртібін қоса алғанда, дербес деректерді өңдеу және қорғау тәртібі; – киберқауіпсіздік оқиғаларын журналдау және мониторингтеу регламенті; – киберқауіпсіздік инциденттеріне ден қою жоспары; – резервтік көшіру, қалпына келтіру және жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз ету регламенті; – өзгерістерді, шығарылымдарды, конфигурациялар мен осалдықтарды, сондай-ақ криптографиялық кілттер мен сертификаттарды басқару регламенті; – статикалық және динамикалық талдау, үшінші тарап компоненттерін талдау есептері және бағдарламалық компоненттер тізбесі (SBOM); – нұсқалары көрсетілген қолданылған ақпаратты қорғау құралдарының тізбесі. Құжаттама бүкіл жоба бойы өзекті күйде сақталып, Тапсырыс берушіге 11-бөлімде белгіленген жиынтық құрамында беріледі. 10.4. Сынақтарға дайындық және ескертулерді жою Жүйе мынадай шарттар орындалғанда сынақтарға ұсынылады: киберқауіпсіздік жөніндегі құжаттама жиынтығы толық көлемде әзірленген; бастапқы кодты статикалық талдау және қосымша мен API-ді динамикалық тестілеу орындалып, құжатталған; «сыни» және «жоғары» деңгейдегі жойылмаған осалдықтар жоқ; өнімді конфигурацияға сәйкес келетін сынақ стенді орналастырылған; Өнім берушінің жауапты мамандары және сынақ ұйымына қол жеткізу беру тәртібі айқындалған. Сынақтар нәтижелері бойынша анықталған ескертулер сынилық деңгейі, жауапты тұлға және жою мерзімі көрсетіле отырып тізілімде тіркеледі. Егер сынақтар нәтижесінде келісілген техникалық жоба шегінен шығатын архитектуралық шешімдерді өзгерту талап етілсе, Тараптар тиісті өзгерісті шартта көзделген тәртіппен ресімдейді. 11. Берілетін құжаттама мен артефактілер Өнім беруші Тапсырыс берушіге орыс және қазақ тілдеріндегі құжаттама мен артефактілер жиынтығын беруге міндетті. Құжаттама бүкіл жоба бойы өзекті күйде сақталады; түпкілікті нұсқа Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қою сәтіне дейін беріледі. Барлық құжаттардың идентификаторы, нұсқасы, күні, мәртебесі, авторы және өзгерістер тарихы болуға тиіс. Нәтижелер атауы, нұсқасы, форматы және келісу мәртебесі көрсетілген тізілім бойынша беріледі. 11.1. Құжаттама мен артефактілер жиынтығы Өнім беруші құжаттама мен артефактілерді 11.1-кестеде келтірілген құрамда береді. 11.1-кесте — Берілетін құжаттама мен артефактілер жиынтығы Топ Құрамы Жобалық Зерттеп-қарау есебі; техникалық жоба; модульдер бойынша бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар ерекшеліктері (СТПО); архитектуралық схема; желілік инфрақұрылым схемасы; деректер моделі (ERD), мәндер мен атрибуттар сөздігі, индекстер мен байланыстар сипаттамасы; мысалдары бар биллинг және есептеу рәсімдерінің сипаттамасы; бизнес-процестер схемалары және мәртебелік модельдер. API сипаттамасы OpenAPI 3.0+ форматындағы барлық REST API-дің кодтан автоматты жасалатын өзекті спецификациясы; хабарлар схемаларының, қате кодтарының, аутентификация тетіктерінің, идемпотенттіліктің және жүктеме шектеулерінің сипаттамасы. Интеграциялық Әрбір бағыт бойынша интеграциялық регламент (мақсаты, хаттама, формат, бағыт,

	өрістер құрамы, қателерді өңдеу, қайталаулар, тараптарды салыстырып тексеру); SmartBridge арқылы өзара іс-қимыл регламенті; келісім берілгенге дейінгі және одан кейінгі алмасу келісімдері бөлек сипатталған ЗМҚК-мен өзара іс-қимыл регламенті; қателер каталогы; тестілік алмасу хаттамалары. Бағдарламалық Тапсырыс берушінің репозиторийіндегі бастапқы код; жинақтау, орналастыру және деректер қорын көшіру скрипттері; құпия деректерсіз орта конфигурациялары (құпия деректер қорғалған арнамен бөлек беріледі); контейнер бейнелері және оларды жинақтау нұсқаулықтары; бағдарламалық компоненттер мен лицензиялар тізілімі. Пайдалану Жүйе әкімшісінің нұсқаулығы; рөлдер бойынша пайдаланушы нұсқаулықтары (Импорттаушы, Дайындаушы, ҚҰБҰ, ҰЗМИ сарапшысы, ҰЗМИ басшысы, ҰЗМИ бухгалтериясы); интеграциялар жүйесінің пайдалану құжаттамасы (баптау, диагностика, қайта өңдеу); пайдаланушыларды тіркеу және аутентификациялау, сессиялар мен тіркелгілерді басқару нұсқаулығы; мониторинг, резервтік көшіру, қалпына келтіру, шығарылымдар және инциденттер регламенттері. Киберқауіпсіздік жөніндегі Қауіптер моделін, қол жеткізу саясаты мен матрицасын, инциденттерге ден қою жоспарын, сканерлеу есептерін және қолданылған қорғау құралдарының тізбесін қоса алғанда, киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарынан өту үшін қажетті құжаттама жиынтығы (10-бөлім). Сынақ Сынақтар бағдарламасы мен әдістемесі; қол жеткізуді ажыратудың теріс сценарийлерін қоса алғанда, тест-кейстер; бақылау деректер жиынтықтары; сынақ хаттамалары; жүктемелік және істен шығуға төзімділік сынақтарының есептері; талаптардың орындалуын қадағалау матрицасы. Қабылдау Тәжірибелік пайдалануға беру актісі; тәжірибелік пайдалану журналы және оны аяқтау актісі; I және II кезеңдерді қабылдау актілері; қабылдау сынақтарының хаттамалары; өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі; бастапқы кодтар мен құжаттаманы беру актісі; берілген активтер тізілімі. Оқу Рөлдер бойынша оқу материалдары, презентациялар және оқытудың бейнежазбалары (14-бөлім). 11.2. Айрықша құқықтарды беру Өнім беруші шарт шеңберінде әзірленген бағдарламалық қамтылымға айрықша мүліктік құқықтарды Тапсырыс берушіге толық көлемде, айрықша құқықтардың бүкіл қолданылу мерзіміне, аумақтық шектеулерсіз береді. Құқықтарды беру жеке актімен немесе шартта көзделген өзге құжатпен ресімделеді. Өнім берушінің бастапқы коды ашық компоненттерді пайдалануына лицензиялардың үйлесімділігін сақтаған және Тапсырыс берушіге нұсқалары мен қолданылған лицензиялары көрсетілген пайдаланылатын компоненттер тізбесін ұсынған жағдайда жол беріледі. 12. Кепілдік міндеттемелер және SLA 12.1. Кепілдік мерзімі Кепілдік мерзімі Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қойылған сәттен бастап кемінде 1 (бір) күнтізбелік жылды не шартта белгіленген одан кем емес өзге мерзімді құрайды. Кепілдік мерзімі ішінде Өнім беруші пайдалану кезінде анықталған ақауларды жоюды, Жүйенің жұмыс істеу мәселелері бойынша Тапсырыс берушіге консультациялар беруді және өзгерістер кезінде құжаттаманы

	жаңартуды өтеусіз орындайды. 12.2. Басымдық деңгейлері және әрекет ету мерзімдері Кепілдік сүйемелдеу шеңберіндегі өтініштер 12.1-кестеге сәйкес белгіленген әрекет ету және жою мерзімдері бар басымдық деңгейлері бойынша жіктеледі. 12.1-кесте — Өтініштердің басымдық деңгейлері Басымдық Мысал Әрекет ету мерзімі Жою мерзімі Сыни (P1) Жүйенің толық қолжетімсіздігі; дербес деректерге немесе қолжетімділігі шектеулі мәліметтерге рұқсатсыз қол жеткізу; субъектілер деректерінің оқшаулануының бұзылуы; төленетін немесе бөлінетін сомаларға әсер ететін есептеу қатесі; құжаттарға ЭЦҚ қою мүмкін болмауы. 4 сағат 24 сағат Жоғары (P2) Өнімділіктің елеулі төмендеуі; интеграцияның тоқтауы; Қағидаларда белгіленген мерзімдердің бұзылу қаупі. 1 жұмыс күні 3 жұмыс күні Орташа (P3) Айналып өту шешімі бар қате; процеске шектеулі әсер. 1 жұмыс күні 3 жұмыс күні Төмен (P4) Консультация; жақсарту туралы сұрау салу. 1 жұмыс күні Келісілген жоспар бойынша Өтініштерді қабылдау арнасы — Тапсырыс берушімен келісілген өтініштерді есепке алу жүйесі және резервтік арна (электрондық пошта не телефон). Қызмет көрсету уақыты және жауапты тұлғалар шартта және пайдалану SLA құжатында бекітіледі; олар белгілеген көрсеткіштер осы кіші бөлімдегі көрсеткіштерден нашар бола алмайды. SLA сақталмаған жағдайда Өнім беруші белгіленген мерзімде мәселені басшылық деңгейіне жеткізуді қамтамасыз етеді. 12.3. Сүйемелдеу жұмыстарын орындау тәртібі Өнеркәсіптік ортадағы сүйемелдеу жұмыстары атаулы тіркелгілерді, қорғалған арналарды, артықшылықты қол жеткізу үшін көп факторлы аутентификацияны және әрекеттерді міндетті журналдауды пайдалана отырып орындалады. 12.4. Кепілдікке кірмейтін жағдайлар Кепілдік міндеттемелер мыналарға қолданылмайды: Өнім берушімен келіспей, Тапсырыс беруші жағында Жүйені немесе инфрақұрылымды рұқсатсыз өзгертуден туындаған ақаулар; шарт нысанасына кірмейтін сыртқы жүйелер мен компоненттерден туындаған ақаулар; функционалды дамыту және бастапқы жұмыс көлемінің шегінен шығатын өзге өзгерістер бойынша жұмыстар. Функционалды дамыту жеке келісімдермен ресімделеді. 13. Жұмыстарды қабылдау тәртібі 13.1. Қабылдау түрлері Жұмыстар күнтізбелік жоспар-кестеге сәйкес кезең-кезеңмен қабылданады. Қабылдау түрлері: 1) I кезеңді қабылдау актісіне қол қоя отырып, Жүйені тәжірибелік пайдалануға беруді және тәжірибелік пайдалануды аяқтауды қоса алғанда, I кезең нәтижелерін қабылдау. 2) II кезеңді қабылдау актісіне қол қоя отырып, киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарының оң нәтижесін, интеграциялық сынақтар нәтижелерін және интеграцияларды өнімді ортаға көшіруді қоса алғанда, II кезең нәтижелерін қабылдау. 3) Өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қоя отырып, Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беруді қабылдау. 13.2. Қабылдау сынақтары Қабылдау кезінде 13.1-кестеде келтірілген бақылау және сынақ түрлері қолданылады. 13.1-кесте — Бақылау түрлері Бақылау түрі Сала Талаптарды талдау Әрбір талаптың коды, дереккөзі, іске асырылуы, тесті және нәтижесі бар. Алдын ала

	сынақтар Функциялар, рөлдер, мәртебелер, қателерді өңдеу, тілдер, есептер және құжаттама. Тіркелу және қол жеткізу сынақтары ЭЦҚ арқылы тіркелу және кіру, ҰЗМИ қызметкерлерінің екі факторлы аутентификациясы, пароль саясаты, рөлдер мен лауазымдар, тіркелгілерді бұғаттау. Есептеулерді сынау Шығыстар шектеулерін, бөлінбеген сыйақыны және түзету кезеңін қоса алғанда, бақылау мысалдарында мөлшерлемелер бойынша сыйақы сомасын есептеу және А қосымшасының алгоритмі бойынша биллинг. Интеграциялық сынақтар ЗМҚК, БЦП, банк, «ЗТ» МДҚ, «ЖТ» МДҚ, ҚР ҚМ МКК, ҚР ҰБ: дұрыс, қате, қайталанатын және қолжетімсіз жауаптар; тараптарды салыстырып тексеру. Қол жеткізуді ажырату сынақтары Субъектілер деректерін оқшаулау; қолданыстағы келісімсіз ЗМҚК-ден мәліметтер сұрату мүмкін болмауы; тікелей URL және API арқылы шектеулерді айналып өту әрекеттері. Жүктемелік сынақтар 7.1-кіші бөлімге сәйкес операциялар бейіні. Істен шығуға төзімділік сынақтары Нақты RTO және RPO мәндерін тіркей отырып, қосымшаның, ДҚБЖ-ның, кезектің, шлюздің, желінің және сыртқы жүйенің істен шығуы. Киберқауіпсіздік сынақтары Статикалық және динамикалық талдау, үшінші тарап компоненттерін талдау, конфигурацияларды тексеру; уәкілетті сынақ ұйымының сынақтары (10.2-кіші бөлім). Тәжірибелік пайдалану Нақты процесті, регламенттерді, оқытуды және сүйемелдеуді тексеру. Қабылдау сынақтары Осы Ерекшелікке сәйкестікті және өнеркәсіптік пайдалануға дайындықты растау. Өнім беруші сынақтар өткізілгенге дейін белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге қабылдау сынақтарының бағдарламасы мен әдістемесін, қабылдау тест-кейстерінің жиынтығын, сынақ ортасын және ішкі сынақтар нәтижелерін ұсынады. Тапсырыс беруші сынақтарды өз бетінше не Өнім берушіні тарта отырып өткізеді. Нәтижелер хаттамамен ресімделеді. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарын уәкілетті сынақ ұйымы Өнім берушінің сүйемелдеуімен 10.2-кіші бөлім тәртібімен өткізеді. 13.3. Қабылдау өлшемшарттары Мынадай шарттар бір мезгілде орындалғанда жұмыстар мен Жүйе қабылданды деп танылады: 1) Осы Ерекшеліктің барлық функционалдық талаптары іске асырылып, қабылданған не ауытқуларды Тапсырыс беруші жазбаша келіскен. 2) 7-бөлімнің нысаналы функционалдық емес көрсеткіштеріне қол жеткізілген. 3) «Сыни» және «жоғары» деңгейдегі ақаулар жоқ, бұл тестілеу есебімен және ақаулар журналымен расталған. 4) «Сыни» және «жоғары» деңгейдегі жойылмаған осалдықтар жоқ; киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарының оң нәтижесі алынған (II кезең үшін). 5) Бақылау мысалдарында сыйақыны есептеудің және биллингтің дұрыстығы расталған. 6) 11-бөлімге сәйкес құжаттама мен артефактілер жиынтығы берілген. 7) Бастапқы код әзірлеу тарихымен бірге толық көлемде берілген (9-бөлім). 8) Тапсырыс берушінің персоналы оқытылған, бұл хаттамалармен расталған. Қабылдаудан бас тарту негіздері: жойылмаған сыни ақаулардың немесе осалдықтардың болуы; басқа субъектінің деректеріне қол жеткізу; төленетін немесе бөлінетін сомаларға әсер ететін есептеу қателері; міндетті журналдардың болмауы;

	құжаттама жиынтығының толық болмауы. 13.4. Ескертулер және оларды жою Қабылдау барысында анықталған ескертулер сынилық деңгейі, жауапты тұлға, мерзімі және жойылғанының дәлелі көрсетіле отырып, ақаулар журналында ресімделеді. Өнім беруші ескертулерді Тараптар келіскен және сынилық деңгейі бойынша SLA-ға сәйкес келетін мерзімдерде жоюға міндетті (12-бөлім). Сыни және жоғары деңгейдегі ескертулер жойылғанға дейін тиісті кезеңді қабылдау актісіне қол қойылмайды. 13.5. Қабылдау құжаттары Қабылдау нәтижелері бойынша мынадай құжаттар ресімделеді: 1) Қабылдау сынақтарының хаттамалары. 2) Көрсетілімдер хаттамалары. 3) Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынақтарының нәтижелері бойынша хаттамалар мен қорытындылар. 4) Сыртқы жүйелердің иелерімен интеграциялық сынақтар хаттамалары. 5) Тәжірибелік пайдалануға беру актісі және тәжірибелік пайдалануды аяқтау актісі. 6) I кезеңді қабылдау актісі, II кезеңді қабылдау актісі, өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі. 7) Бастапқы кодтар мен құжаттаманы беру актісі. 8) Айрықша мүліктік құқықтарды беру актісі. 14. Пайдаланушылар мен әкімшілерді оқыту Өнім беруші Тапсырыс берушінің персоналын мынадай құрамда оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге міндетті: 1) Жүйе әкімшілерін оқыту — баптау, пайдалану, пайдаланушылар мен анықтамалықтарды басқару, интеграцияларды баптау. 2) Бизнес-пайдаланушыларды рөлдер бойынша оқыту (ҰЗМИ сарапшысы, ҰЗМИ басшысы, ҰЗМИ бухгалтериясы) — пайдаланушы сценарийлері, үлгілік операциялар, есептілік. 3) Оқу материалдарын дайындау және беру: презентациялар, бейнежазбалар. 4) Әкімшілер мен жауапты қызметкерлерді аутентификация және сессия параметрлерін баптау, артықшылықты рөлдер үшін екі факторлы аутентификацияны (2FA) қолдану және оны өзге рөлдер үшін баптау, тіркелгілерді бұғаттау және бұғаттан шығару, қол жеткізу оқиғаларының журналдарын талдау бойынша оқыту. А қосымшасы. Сыйақыны есептеу және бөлу алгоритмі («Биллинг / Бөлу (ТТ)» модуліне) Биллинг модулі Жүйенің есептеу бөлігінің өзегі болып табылады және қабылдау кезінде ерекше бақылауға жатады. Өнім беруші формулаларды, шектеулерді, журналдауды және өзгермейтіндік режимін сақтауды қоса алғанда, іске асырудың осы бөлімге толық сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті. А.1. Мақсаты және жұмыс режимі Модуль Қағидаларда белгіленген ережелер бойынша (26–35, 41–43-тармақтар) бөлінетін сыйақы сомасын тоқсан сайын автоматты есептеуді және оны ҚҰБҰ мен құқық иеленушілер арасында бөлуді орындайды. Іске қосу есепті тоқсан аяқталғаннан кейін кесте бойынша автоматты жүргізіледі; қолмен іске қосуға негізін тіркей отырып, тек уәкілетті рөлге рұқсат етіледі. А.2. Рәсімнің кіріс деректері Өнім беруші мынадай кіріс деректерін пайдалануды іске асыруға міндетті: Параметр Сипаттамасы Дереккөз Тексерулер AS_наст Кезеңдегі жиналған сыйақы сомасы (бөлек: авторлық / сабақтас) УП / ОТ AS_наст ≥ 0 Uэ_факт Кезеңдегі ҰЗМИ-дің нақты шығыстары ҰЗМИ енгізуі / УП Uэ_факт ≥ 0 Uэ Шегеруге қолданылатын ҰЗМИ шығыстары Есептеу Uэ = min(Uэ_факт;

	0,25 × AS_наст) D_пред Бөлуге жататын бұрын бөлінбеген сома БЛ (қалдықтар) D_пред ≥ 0 R_произв Нақты туындының ротациялары Ротациялар мониторингі R_произв ≥ 0 AR Кезеңдегі барлық туындылар ротацияларының қосындысы Мониторинг AR > 0 W_категор Құқық иеленушілер санаттарының үлестері: 0,4 / 0,3 / 0,3 Қағида Тұрақты Байланыстыру Туындының ҚҰБҰ басқаруына тиесілігі «Бірыңғай цифрлық платформа» цифрлық жүйесінің тізілімдері (БЦП) Міндетті Uc,ОКУП_факт ҚҰБҰ-ның нақты шығыстары ҚҰБҰ енгізуі Uc,ОКУП_факт ≥ 0 Uc,ОКУП Қолданылатын ҚҰБҰ шығыстары Есептеу C_наст_ОКУП сомасының ≤ 5%-ы A.3. Есептеу алгоритмі Өнім беруші биллинг рәсімін төменде келтірілген қадамдық алгоритмге қатаң сәйкес іске асыруға міндетті. Әрбір қадам кіріс және шығыс мәндерін тіркей отырып журналдаумен сүйемелденеді. A.1-кесте — Есептеу алгоритмінің қадамдары Қадам Атауы Есептеу және қағидалар 0 Кіріс деректерін алдын ала тексеру Кезең үшін AS_наст бар-жоғын тексеру; болмаған жағдайда есептеу іске қосылмайды, кезеңге «Жиналым туралы деректер жоқ» мәртебесі беріледі. Ротациялар деректерінің бар-жоғын және AR > 0 шартын тексеру; орындалмаса — кезеңнің мәртебесі «Ротациялар жоқ». Туындылардың ҚҰБҰ-мен тізілімдік байланысының бар-жоғын тексеру; болмаған жағдайда тиісті сомалар «байланыс жоқ» себебімен «бөлінбеген» санатына жатқызылады. 1 Қолданылатын ҰЗМИ шығыстарын есептеу Uэ = min(Uэ_факт; 0,25 × AS_наст). Uэ_факт > 0,25 × AS_наст шарты орындалғанда журналда бастапқы және қолданылған мәндер көрсетіле отырып, шектеудің қолданылғаны тіркеледі. Егер ҰЗМИ шығыстары биллингті іске қосудың белгіленген күніне дейін енгізілмесе, Uэ_факт нөлге тең деп қабылданады; есептеу шығыстардың расталуын күтпейді. 2 Ағымдағы бөлінетін сыйақыны есептеу D_наст = AS_наст − Uэ. Дұрыстық шарты: D_наст ≥ 0. Сақталмаған жағдайда кіріс деректерінің қатесі тіркеліп, есептеу тоқтатылады. 3 Бөлінетін жалпы сома D = D_наст + D_пред. Дұрыстық шарты: D ≥ 0. 4 Туынды бойынша соманы есептеу Әрбір туынды үшін: V_произв = (R_произв / AR) × D. Туынды сәйкестендірілмесе, V_произв «туынды сәйкестендірілмеген» себебімен «бөлінбеген» санатына жатқызылады; тізілім мәліметтері жеткіліксіз болса — «тізілімдердегі мәліметтер жеткіліксіз» себебімен. 5 Құқық иеленушілер санаттары бойынша бөлу Әрбір туынды үшін: V_авт = V_произв × 0,4; V_исп = V_произв × 0,3; V_прод = V_произв × 0,3. Өнім беруші бекітілген дөңгелектеу қағидаларын ескере отырып, санаттар сомасының V_произв мәніне тең болуын бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. 6 ҚҰБҰ бойынша біріктіру C_ОКУП = Σ V_произв, ҚҰБҰ басқаруындағы туындылар бойынша. ҚҰБҰ-мен байланысы жоқ туындылар «бөлінбеген» санатына жатқызылады. 7 ҚҰБҰ үшін «ағымдағы жиналымды» есептеу V_наст_произв = (R_произв / AR) × D_наст; C_наст_ОКУП = (R_ОКУП / AR) × D_наст, мұндағы R_ОКУП — ҚҰБҰ туындыларының жиынтық ротациялары. Өнім беруші R_ОКУП мәнін біріктірудің дұрыстығын бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. 8 Шектеу ескерілген қолданылатын ҚҰБҰ шығыстары Uc,ОКУП = min(Uc,ОКУП_факт; 0,05 ×

	C_наст_ОКУП). Шектеу іске қосылғанда оның қолданылғаны журналда және кезең нәтижелерінде тіркеледі. Егер ҚҰБҰ шығыстары биллингті іске қосудың белгіленген күніне дейін енгізілмесе, Uc,ОКУП_факт нөлге тең деп қабылданады. 9 Кезең қорытындыларын қалыптастыру Өнім беруші мыналардың қалыптастырылуын қамтамасыз етуге міндетті: туындылар бойынша бөлу тізілімі (V_произв, ротациялар, санаттар үлестері); ҚҰБҰ бойынша бөлу тізілімі (C_ОКУП, Uc,ОКУП, есептелетін сомалар); «бөлінбеген» тізілімі (себептерімен); Қағидалардың 4-қосымшасының нысаны бойынша есеп; ОТ және ЛК модульдеріне деректер беру; 5-қосымша (нақты төлемдерден кейін) және 7-қосымша (қалдықтар) есептеріне арналған деректер. 10 Бөлінбеген сомаларды есепке алу және олардың кейінгі тағдыры Бөлінбеген сомалар сақталады және кейінгі кезеңдердің D_пред мәнінде ескеріледі. Сараптамалық ұйымның шотында бөлінбеген сыйақыны сақтау мерзімі оның шотқа түскен күнінен бастап 3 (үш) жылды құрайды; көрсетілген мерзім өткеннен кейін бөлінбеген сомалар келесі кезеңнің бөлінетін сомаларына қосылады. Дереккөз: Қағидалардың 33–35-тармақтары. А.4. Талап етілмеген және төленбеген сыйақыны есепке алу Өнім беруші Қағидалардың 36, 39, 40-тармақтарына сәйкес әдеттегі тәртіппен бөлінбейтін немесе төленбейтін үш санатты бөлек есепке алуды іске асыруға міндетті. 1) Бөлінбеген (Қағидалардың 33–35-тармақтары) — туындыны сәйкестендіру мүмкін болмауы не тиісті тізілімдерде мәліметтердің болмауы немесе жеткіліксіздігі. Сараптамалық ұйымның шотында сақталады; сақтау мерзімі — 3 жыл; белгіленген мерзім өткеннен кейін бөлінетін сомаларға қосылады. 2) Талап етілмеген (Қағидалардың 36, 39-тармақтары) — нақты құқық иеленушілерге бөлінген, ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленуші алудан бас тартуына не қызметінің тоқтатылуына және құқық мирасқорларының құқықтарды қабылдамауына байланысты талап етілмеген деп танылған сомалар. ҚҰБҰ шотында сақталады; тиісті құқық иеленуші табылған немесе жүгінген кезде сақтау мерзіміне қарамастан оған төленеді. 3) Төленбеген (Қағидалардың 40-тармағы) — бөлінген және есептелген, бірақ төленбеген сомалар; не төлем сот шешімімен тоқтатыла тұрған; не ҚҰБҰ және (немесе) құқық иеленуші есептелген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде төлеуге қажетті мәліметтерді (оның ішінде банк деректемелерін) ұсынбаған немесе өзектендірмеген сомалар. Әрбір санаттың өз өмірлік циклі, тиісті банк шотындағы қалдықтардың бөлек есебі және Қағидалардың 7-қосымшасының нысаны бойынша есепте жеке көрсетілімі бар. Жүйе Қағидалар ережелері бойынша соманың санатын автоматты анықтауға, санаттар арасындағы ауысуларды (мысалы, деректемелер ұсынылғанда «Төленбеген» санатынан «Төленген» санатына) қамтамасыз етуге және әрбір ауысуды күнімен, негізімен және жауапты тұлғаның идентификаторымен журналдауға тиіс. А.5. Өзгермейтіндік режимі және аудит Өнім беруші мынадай режимдерді іске асыруға міндетті: 1) Барлық рөлдерге ешқандай ерекшеліксіз есептелген сомаларды қолмен редакциялауға тыйым салу. 2) Уәкілетті рөлдің есепті кезеңді

	жабуы, содан кейін нәтижелерді өзгерту мүмкін болмайды; қайта есептеуге тек бастапқы кезеңге сілтемесі бар түзету кезеңін қалыптастыру арқылы жол беріледі. 3) Есептеудің егжей-тегжейлі аудит журналы: кіріс деректері, әр қадам бойынша аралық мәндер, қолданылған шектеулер, нәтижелер, оператор идентификаторы (қолмен іске қосу үшін). 4) Себебін міндетті түрде көрсетіп және алдыңғы есептеу нұсқасын сақтай отырып, уәкілетті рөлдің шешімі бойынша кезеңдегі биллингті қайта іске қосу мүмкіндігі. 5) Кіріс деректерінің бақылау сомаларын бақылау және есептеу журналының өзгермейтіндігі (тек append, жою және жаңарту операцияларынсыз). А.6. Экспорт және салыстырып тексеру Өнім беруші биллинг нәтижелерін PDF, XLSX және машина оқи алатын форматта (JSON немесе XML) экспорттауды, сондай-ақ алшақтықтар туралы есеп қалыптастыра отырып, «Төлемдер мен қаржылық операцияларды есепке алу» модулінің және 1С жүйесінің деректерімен автоматты салыстырып тексеруді қамтамасыз етуге міндетті.
Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).
Ескертпе.
1. Әрбір талап етілетін сипаттамалар, өлшемдер, бастапқы деректер және қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Приложение 14
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых работ, не связанных со строительством (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Национальный институт интеллектуальной собственности" Комитета по правам интеллектуальной собственности Министерства юстиции Республики Казахстан
Наименование организатора	Республиканское государственное учреждение "Комитет государственного казначейства Министерства финансов Республики Казахстан"
Номер лота	86747779
Наименование лота:	Работы по созданию (разработке) информационной системы
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	620111.900.000001
Наименование работы:	Работы по созданию (разработке) информационной системы
Единица измерения:	Работа
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	108000000
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	108000000
Срок выполнения работы:	С момента подписания договора до 31 марта 2027 года, но не менее 15 календарных дней
Место выполнения работы:	г.Астана, район Есиль Мангилик ел 57А
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	12

